



Рух өмірі жайында ойланып-толғану

Рухи Институты



Кітап 1

Рух өмірі жайында ойланып-толғану

Рухи Институты

Топтамадағы кітаптар:

Төменде Рухи Институты құрастырған топтамадағы тақырыптар атаулары келтірілген. Бұл кітаптар жасөспірімдер мен ересектердің өз қауымдастықтарына қызмет ету қабілетін нығайтуға байланысты жүйелі түрдегі күш-жігерде курстардың басты бірізділігі ретінде пайдаланылуға арналған. Соған қоса Рухи Институты баһаи балалар сыныптарының оқытушыларын дайындайтын топтамадағы үшінші кітаптан бастау алатын курстар жинағын және жасөспірімдер топтарының тәлімгерлерін шығару үшін 5-ші кітаптан басқа бір жинақты дамытуда. Бұл да төмендегі тізімде көрсетілген. Айта кетерлік жайт, берілген тізім саладағы тәжірибе алға жылжыған сайын, өзгеріске түсуі мүмкін, және оған даму үстіндегі бірқатар оқыту элементтері кеңінен қолжетімді бола алатын сатыға жеткенде, қосымша тақырыптар қосылатын болады.

- Кітап 1 *Рух өмірі жайында ойланып-толғану*
- Кітап 2 *Қызмет етуге көтерілу*
- Кітап 3 *Балалар сыныптарын оқыту, Деңгей 1*
Балалар сыныптарын оқыту, Деңгей 2 (тармақ курс)
Балалар сыныптарын оқыту, Деңгей 3 (тармақ курс)
Балалар сыныптарын оқыту, Деңгей 4 (тармақ курс)
- Кітап 4 *Құдайдың қос Көрінісі*
- Кітап 5 *Жасөспірімдер күшін шығару*
Бастапқы түрткі: 5-ші кітаптың бірінші тармақ курсы
Топтың кеңеюі: 5-ші кітаптың екінші тармақ курсы
- Кітап 6 *Құдай Ісіне оқыту*
- Кітап 7 *Қызмет ету жолында бірге жүру*
- Кітап 8 *Баһаулланың Өсиеті*
- Кітап 9 *Тарихи көрініске ие болу*
- Кітап 10 *Серпінді қауымдастықтарды құру*
- Кітап 11 *Материалдық құралдар*
- Кітап 12 (алда күтілуде)
- Кітап 13 *Қоғамдық әрекетпен айналысу*
- Кітап 14 (алда күтілуде)

Авторлық құқық © 2016, 2020 Рухи Ұйымы, Колумбия
Барлық құқықтар қорғалған. 4.1.1.ЖН, шілде 2020

Алғашында испан тілінде жарияланған *Reflexiones sobre la vida del espíritu*
Авторлық құқық © 1987, 1995, 2008, 2020 Рухи Ұйымы, Колумбия
ISBN 978-958-59880-3-3

Рухи Институты
Кали, Колумбия
Электрондық пошта: instituto@ruhi.org
Веб-сайт: www.ruhi.org

МАЗМҰНЫ

Жүргізушіге арналған біраз ойлар.....v	v
Баһай Жазбаларын түсіну.....1	1
Дұға.....13	13
Өмір мен өлім.....27	27

Жүргізушіге арналған біраз ойлар

Рухи Институтымен ұсынылған курстардың басты бірізділігінің бірінші кітабын, *Рух өмірі жайында ойланып-толғануды*, күллі жер бетінде оқыған жергілікті жерлердің саны көптеген жылдар бойы жоғарылап келді. Басым көпшілік жағдайларда материал жүйелі түрде кездесетін оқу үйірмесін құруы мүмкін, қарқынды оқу үшін ұйымдастырылған науқанда бірге жиналуы мүмкін немесе мектеп демалыстары кезінде лагерьде жиналуы мүмкін достардың тобымен оқылады және талқыланады. Қандайда жағдай болса да, топтың бір мүшесі жүргізуші ретінде әрекет етеді. Жүргізуші мен басқа қатысушылар арасындағы қарым-қатынас мұғалім мен оқушы арасындағы қарым-қатынас емес; бәрі де үйренуге ұмтылатын үрдіске саналы түрде қатысады. Дегенмен жүргізуші талқылаудың баз кешкен және селқос үйлестірушісі де емес. Бірізділіктегі курстардың айтарлықтай санын аяқтаған соң және олар ынталандыратын қызмет ету әрекеттерін орындаған соң, ол (ер не әйел адам) оқылып жатқан материалдың мақсатына жетуде топтың әр мүшесіне көмектесе алады. 1-ші кітаптың жүргізушілері ретінде әрекет ететіндер ара-тұра осы кіріспеде берілген идеяларды қайта қарауды пайдалы деп табуы мүмкін.

Әлем бойы қатысушылар институттың осы бірінші курсына әр алуан орталардан келеді. Кейбірі өздері қабылдаған Құдай Ісіне қызмет ету қабілеттерін нығайтуға үміттенетін әлдеқашан баһаи қауымдастығының мүшелері болып табылады. Басқалары курсты Баһаи Сенімін дін ретінде өздерінің зерттеулерінің бастауы ретінде көреді. Ал тағы басқалары баһаи мұраттарына тартылады және қауымдастықтың мақсаттары мен талпыныстарымен танысқылары келеді. Соған қоса, қоғамға қызмет ету қабілеттерін дамытуды қалап, баһаи қауымдастығымен алға жылжытылатын жиі бір не басқа бағдарлама арқылы курсты бастапқы қадам ретінде қабылдайтын, әсіресе, жастардың өсіп келе жатқан саны баршылық.

Басынан бастап, әр қатысушыға Рухи Институтының курстары біздің әрқайсымыз, көмектесіп және басқалардың көмектесуімен, өз жылдамдығымызбен жүретін адамзатқа қызмет етудің жолын сызатыны анық болуы керек. Осы жолмен жүру екіжақты адамгершілік мақсатқа ұмтылуды тұспалдайды: өзінің рухани және интеллектуалды өсуіне қам жеу және қоғам түрленуіне үлес қосу. Жолдағы өрлеу түсіну мен білімді, рухани қасиеттер және мақтауға тұрарлық көзқарастарды, сондай-ақ көптеген дарындар мен дағдыларды талап ететін бірқатар қабілеттердің дамытылуын қамтиды. Институт кітаптары сүйенетін білімнің қайнары, бір жағынан, Баһаи Сенімінің ілімдері, және, басқа жағынан, жер шары баһаи қауымдастығының материалды және рухани өркениетті алға жылжытудағы жинақтаған тәжірибесі болып табылады. Баһаулланың біз айналатын тұлға және біз құратын өркениет жайлы көрінісі Институтты шабыттандырады. Шыққан орталарына байланыссыз, барлық қатысушылар әр кітаптың әр тарауында анық берілген осы көріністі қабылдауға ашық деп болжалады.

Ұстанымдар мен идеологиялар жақтаушыларын өздеріне тарту үшін мүмкіндігінше кез келген құралды пайдалануға дайын әлемде Сеніммен таныс емес біреудің Рухи Институтының ниеті жайында шынайы сұрақтары бар болуы мүмкін, әсіресе, мынадай: «Менен дінімді өзгертуді сұрап жатыр ма?» немесе «Менен дінге қосылуды сұрап жатыр ма?» Мұндай сауалдар жүргізушіге, жоғарыда келтірілгендей, курстар бірізділігінің мақсатын түсіндіруге мүмкіндік береді. Баһаилардың достарының қауымдастыққа қосылуларын көруге ынталы болуы табиғи нәрсе болған кезде, жүргізуші олардың ілімдері прозелитизацияға – өз дініне аударуға – қатысуға тыйым салатынын қосуды қалайтын болар. Институт курстары ашқан қызмет ету жолымен жүру, материалдар сөзсіз баяндауға талпынатын Баһаулла ілімдерін үнемі тереңдетіп түсінуге шақырады; қабылдау мен сенім әр адаммен еркін әрі еш қысымсыз қарастыратын сұрақтар.

Сондықтан бірізділіктің барлық кітаптарына соншалықты негізгі болып табылатын түсіну сұрағымен осы бірінші кітаптың басталатыны таңғаларлық емес. Қасиетті Жазбаларды оқу – адамның өмір бойы көретін көптеген мыңдаған беттерін оқумен бірдей емес және «Баһаи Жазбаларын түсіну» тарауы күн сайын Қасиетті Жазбалардан үзінділерді оқу және олардың мағыналарына толғану әдетін, қатысушыларға, олар қызмет ету жолына аяқ басқан кезде, көп көмектесетін әдетті тәрбиелеуге ұмтылады. Оларды осы оқуда бағыттау үшін жүргізуші түсіну тақырыбына көп ойланып-толғануы тиіс.

Баһаи Жазбалары терең рухани ақиқаттарды қамтиды және, тіпті біз олардың шексіз мағыналары жайлы түсінігімізде алға жылжуға ұмтылған сайын, біз ешқашан шешуші нәтижеге жете алмайтынымызды білеміз. Біз, үзіндіні бірінші рет оқығанда, оның тікелей мағынасы жайлы, жалпы, негізгі ұғынушылыққа ие боламыз және тараудың 1-ші бөлімі бұны бастапқы нүкте ретінде алады. Осылайша, «Әлемнің жақсаруына таза әрі игі істер, мақтауға тұрарлық әрі өнегелі қылықтар арқылы жетуге болады» деген дәйексөзді оқыған соң, қатысушылардан жай ғана «Әлемнің жақсаруына қалайша жетуге болады?» деп сұрайды. Бір қарағанда, осы түрлі көптеген сұрақтар мен жаттығулар тым қарапайым болып көрінуі мүмкін. Бірақ жылдар бойғы тәжірибе Институттың осылай бастау шешімін ақтайтын сияқты. Біздің бәрімізге үзіндідегі ақиқаттың деңгейлерін табудағы асығыстықта сана оның айқын мағынасын байқамай қалмауы тиістігін есімізге салып отыруымыз қажет. Ұғынудың осы бірінші деңгейіне назар аудару да топ кеңесуіне маңызды болып табылады: жеке бастың ой-пікіріне Тәңірлік даналықпен нұрлануға жол бергенде, әзірлікпен жетуге болатын ой бірлігін күшейтеді.

Осы жерде көптеген үзінділердің тікелей мағыналарын түсінуге жалғыз сөздердің мәнмәтіннен тыс ұзақ талқылауы пайдалы болмайтынын атап өткен маңызды. Соған қоса белгілі бір жағдайларда топ үшін сөзді сөздіктен іздеу қажетті болуы мүмкін. Дегенмен қатысушылардың сөздердің мағыналарын тұтас сөйлемдер және абзацтардан қалайша тұспалдауды үйрену анағұрлым пайдалы болуы мүмкін.

Тікелей мағына аясының шегінен шығатын түсіну үшін, қалайша идеялардың нақты көрініс табатынын көрсететін мысалдар пайдалы болуы мүмкін. Осыған қатысты талап етілетіннің барлығы қарапайым жаттығулар. 2-ші бөлімде, мысалға, қатысушылардан олар жаңа ғана оқыған үзіндінің тұрғысынан белгілі бір сипаттамалардың мақтауға тұрарлық па, жоқ па екенін анықтауды сұрайды. 4-ші бөлімдегі дәл сондай жаттығуда оларды бес ізгі қасиеттерді атауды және содан соң олардың қандайда біреуін – Жазбаларда «адамның барлық ізгі қасиеттерінің негізі» ретінде суреттелген – шыншылдықсыз иеленуге болатынын, болмайтынын шешуге ынталандырады.

Өзінің мақсатына жету үшін тарауда қатысушылардан берілген үзінділердің кейбір салдары жайлы ойлауды сұрау арқылы түсінуде одан әрі алға жылжу талап етіледі. 2-ші бөлімде олардан «Мейірімді адамдардың жер бетінде аздығы сонша – олардың істерінің еш әсері жоқ» деген пайымдаудың шын ба, жоқ па екенін анықтау талап етіледі. Мұндағы ниет жай ғана пікірді алып шығу емес. Жүргізуші кідіріс жасап, қатысушылардың жауаптарының себебін сұрауы тиіс. Топ, пайымдау өткен бөлімдегі бірінші дәйексөзге қайшы болғандықтан, міндетті түрде жалған болуы тиіс деген қорытындыға келуі керек. Баһаилар басқаларға өздерінің күнәларын мойындай ала ма, жоқ па – бұл да осындай түрге жататын жаттығудың мысалы. Бұл, оқылған үзінділердің ешбірінде айқын аталып кетпеген, «Есепке тартылмас бұрын, күн сайын өзіңе есеп бер» деген шумақтың мағынасын зерттеуден алуға болатын, күнәдан босатудың тәсілі ретінде тәубеге келуге қарсы ілімдегі тыйымға сілтеме жасайды.

Еш уақытта тараудағы жаттығулар қарастырылып жатқан үзінділерде сақталған мағынаның ауқымын қамтып алуға тырыспайды. Әр жүргізуші қарастыруы қажет бір сұрақ – бұл кез келген берілген жаттығуға қаншалықты көп талқылау жұмсалуды керектігі. Осында көптеген соған қатысты, бірақ жанама тұжырымдамаларды енгізу арқылы созылған талқылаулар материалдың тиімділігін төмендетуге бейім болатынын есте ұстаған маңызды. Әр топ дамудың орынды ырғағын орнатуы қажет; қатысушылар өздерінің қабілеттеріне сәйкес тұрақты түрде алға жылжып жатқандарын анық сезулері керек. Алайда жүргізуші бөлімдердің, жаттығуларды мазмұнды талдаусыз, жедел әрі үстіртін өтілмеуі үшін зейінді болуы тиіс; тек сұрақтарды ғана толтырып, осылай алға жылжыған топтар ешқашан ұзақ мерзімді нәтижелерге жетпеген.

Бір ақырғы сәт еске салуға лайықты: Жүргізуші топтың әр мүшесінің материал жағдай жасайтын үйрену үрдісіне қатысатынына көз жеткізуге жауапты. Әр адамның, сөйлеуі үшін еш қысым түсірмей, қатысушылығын тудыру жиі өте қиын. Бұл қиындыққа сирек «Бұл сен үшін нені білдіреді?» деген тәрізді сұрақтарды қоюмен тап болатынын басынан бастап ұғыну керек. Осындай түрдегі сұрақтар білім мен ақиқатты пікір деңгейіне төмендетуге бейім. Содан кейін топ мүшелері арасында кеңесу, шын мәнінде, түсінудің артуына алып келетін ахуалды тудыру қиынға соғады.

Осы кітаптың екінші тарауы, біріншісі тәрізді, рухани өмірге маңызды әдетке – тұрақты түрде дұға оқуға қатысты. Ол кіріспе бөлімде «қызмет ету жолы» тұжырымдамасын, осы жолмен жүру үшін біз екіжақты мақсатпен ынталануымыз тиіс екенін ұсына отырып, айқындайды. Қатысушылар, болашақ курстарда егжей-тегжейлі түсіндірілетін тақырып – осы мақсаттың табиғаты жайында жаңа түсінік беретін дәйексөздердің бастапқы жинағын зерттейді.

Осы тақырып мәнмәтінінде тарауда дұғаның маңыздылығын зерттеу қолға алынады. Онда өткен абзацтарда суреттелген тәсілге ұқсас тәсіл қабылданады. Сұрақтар мен жаттығулар оқылып жатқан Жазбалардан үзінділердің мағынасын түсінуді алға жылжытатындай құрастырылған. Топ тарау бойынша алға жылжыған сайын, жүргізушіге, өткеннің тәжірибелері мен түсіндірмелерінде тамыр жайған ұғымдарды талдау арқылы, күмәнді сейілту қажет болуы мүмкін. Кейбір дәстүрлерде салт жора мен рәсім ішкі күйдің маңыздылығын біртіндеп көлегейлеген, сондықтан көбісі, тәнді қоректендіруде астың маңыздылығынан кем емес, адам жаны үшін де соншалықты маңызды болып табылатын дұғаның қажеттілігін елемейді.

Сондықтан, ең бастысы, тарау қатысушылардың «Құдаймен тілдесу» және Оған жақын болу ынтызарын оятуға ұмтылады. Қарастырылатын идеялардың арасында дұға күйіне ену деген нені білдіреді, біз солай істегендегі біздің жүрегіміз бен ақыл-санамыздың жағдайы, және біз жалғыз болсақ та, немесе жиналыста болсақ та, біздің айналамызда жасалуы тиіс жағдайлар – бар. Шынымен де, ұжымдық табыну тудыратын күштер жайлы біраз ойланған соң, қатысушылардан дұға мен сиыну жиналыстарын өткізуді қарастыруды сұрайды.

Кітаптың «Өмір мен өлім» атты үшінші тарауын оқу қызмет ету жолымен жүруге берілгендікті күшейтіп, оны анағұрлым терең мәнге бөлейді деп күтіледі. Осы әлемдегі қызмет етуді біздің жердегі тіршілігіміздің шегінен тыс созылып жататын, және біздің жанымыз Құдайдың барлық әлемдерінде дамыған сайын, мәңгілікке жалғасатын өмірдің толықтай кеңістігінде ең жақсы түрде түсінуге болады. Оқу барысында, техникалық дайындықпен салыстырғанда, қатысушылар өз іс-әрекеттерінің мәні мен маңыздылығын айрықша ұғынулары керек. Тәжірибе нұсқайтындай, тек осындай ұғыну өссе ғана, олар өздерін үйренулерінің белсенді әрі жауапты «иелері» ретінде сезіне бастайды.

Тараудың әр бөлімі Баһаи Жазбаларынан алынған бірден үшке дейін дәйексөздермен басталып, бірнеше жаттығулармен жалғасады. Осы тарауда келтірілген үзінділердің тілі өткен екеуіндегіге қарағанда анағұрлым күрделі. Әлбетте, топ үшін күрделі сөздерге ұзақ ойланудың қажеті жоқ; жүргізуші бәрінің әр бөлімде қарастырылған негізгі ойды ұққандарына көз жеткізуді қалауы мүмкін және дәл осыны жаттығуларда алып шығуға тырысады.

Тақырыптың табиғатын ескере отырып, нақты мысалдарды қамтитын жаттығулар өте аз және сирек кездеседі. Көбісі тұжырымдамалық деңгейде әрекет етуге бейім. Ескеру қажет нәрсе – бұл жаттығуларда қойылған сұрақтарға тез немесе анық түрде жауап беруге болмайды. Олар тақырып жайлы хабардарлықты арттыру үшін енгізілген; егер қатысушылар жай ғана сондай сұрақтар төңірегінде ойланса, үйрену мақсаты орындалатын болады.

Алғашқы бірнеше бөлімдер, бірігіп тіршіліктің осы деңгейінде адам баласын құрайтын, жан мен тәннің арасындағы қарым-қатынасқа шоғырланады. Осы бөлімдерде берілген негізгі ой – жанның физикалық мән еместігі; оның тәнмен байланысын айнада пайда болатын жарыққа ұқсастыруға болады. Оның бетін басатын шаң да, айнаның ақырғы жойылуы да жарықтың өзінің әсемдігіне әсер етпейді. Өлім – тек тән мен жанның арасындағы байланыс бұзылғандағы жағдайдың өзгеруі ғана. Бұдан соң жан өзінің Жаратушысына қарай мәңгі өрлейді.

Бұдан соң тарау өмірдің мақсаты – Құдайды танып-білу мен Оған жету – сұрағына бұрылады. Осында талқылау екі кең тақырып төңірегінде шоғырланады. Біріншісі – біздің осы әлемдегі өміріміздің мақсаты және екіншісі – өлімнен кейінгі жанның саяхаты. Жан – Құдайдың белгісі және Оның барлық есімдері мен қасиеттерін көрсетеді. Дегенмен адам баласының бойындағы әлеует жасырынулы; оларды тек адамзатты бағыттау үшін белгілі бір уақытта келіп тұратын сол бір қасиетті Болмыстар, Құдай Көріністерінің көмегімен ғана дамытуға болады. Олар беретін рухани білім арқылы біздің бойымызда жасырынулы қазыналар ашыла алады.

Ал өлімнен кейінгі жанның саяхатына қатысты, қатысушылардың ойлануы үшін идеялар топтамалары белгіленген: Құдайға адалдары нағыз бақытқа жетеді; біздің ешбіреуіміз өзіміздің өміріміздің соңын ешқашан да біле алмаймыз және сол себептен бірімізді-біріміз кешіріп, өзімізді басқалардан жоғары сезінбеуіміз керек; осы әлем тәрізді келесі әлемде жан өрлеуін жалғастырады және біз осында дамытқан рухани дарындар бізге сонда көмектеседі; біз өзіміздің сүйіктілерімізді бұдан кейінгі патшалықта танитын боламыз, осы әлемдегі өмірімізді есте сақтаймыз және киелі де қасиетті жандармен серік болудан ләззат аламыз.

Тарау бізді келесі әлемнің пайдасына сендіретін және осы өмірдің өзгерістері мен тағдыр тауқыметіне бізді қапаландыруына жол бермеуге шақыратын Баһаулла Жазбаларынан үзіндімен аяқталады. Содан соң қатысушылардан оқыған нәрселердің олардың өмірлеріне тигізетін салдары жайлы ой толғауды сұрайды.



Баһаи Жазбаларын түсіну

Мақсаты

Күн сайын Қасиетті Жазбалардан үзінділерді оқу және олардың мағынасы жайында ой толғау әдетін нығайту

БӨЛІМ 1

Осы тараудың мақсаты – сізге күн сайын Қасиетті Жазбалардан үзінділерді оқу және олардың мағынасы жайында ой толғау әдетін нығайтып дамытуда көмектесу. Тарау сізден Жазбалардан алынған бір сөйлемдік пайымдауларды оқып, жауабы пайымдаудың өзі болып табылатын сұраққа жауап беруді сұрайтын қарапайым жаттығумен басталады. Орындауы қарапайым болғанымен, бұл жаттығу сіздерге келтірілген пайымдаулардың мағынасына ойланып, оларды есте сақтауға көмектеседі.

«Әлемнің жақсаруына таза әрі игі істер, мақтауға тұрарлық әрі өнегелі қылықтар арқылы жетуге болады».¹

1. Әлемнің жақсаруына қалайша жетуге болады? _____

«Уа Баһа адамдары, сөздері істерінен өзгешеленетін адамдардың жолдарымен жүруден сақтаныңдар».²

2. Кімдердің жолдарымен жүрмеуіміз керек? _____

«Уа Болмыс Ұлы! Есепке тартылмас бұрын, күн сайын өзіне есеп бер...»³

3. Есепке тартылмас бұрын, біз не істеуіміз керек? _____

«Былай де: Уа бауырлар! Сөздерің емес, істерің сендердің зейнеттерің болсын».⁴

4. Біздің шынайы зейнетіміз не болуы керек? _____

«Қасиетті сөздер мен пәк әрі игі істер рухани ізет көгіне көтеріледі».⁵

5. Қасиетті сөздер мен пәк әрі игі істер не істейді? _____

БӨЛІМ 2

Төменде сіздер жаңа ғана оқыған дәйексөздер бойынша бірнеше жаттығулар келтірілген. Олар сізге тобыңызда үзінділердің маңыздылығына ары қарай ой толғауға көмектесуге арналған және ойланбай істелмеуі керек. Бұл әр жаттығудың өте көп талқылауды қажет ететінін білдірмейді. Бірақ жаттығу қиын болғанда, тобыңыздың жүргізушісі сізге оны мұқият зерттеуде көмектеседі.

1. Бір нәрсе «мақтауға тұрарлық» болғанда, ол мадаққа лайық болады. Келесілердің қайсы мақтауға тұрарлық?

- _____ Жақсы жұмысшы болу
- _____ Басқаларды сыйлау
- _____ Ыждағатты болу
- _____ Өтірікші болу
- _____ Жалқау болу
- _____ Басқаларға қызмет ету

2. «Есепке тартылмас бұрын» деген нені білдіреді? _____

3. Келесі пайымдаулардың қайсысы шын:

- _____ Мейірімді адамдардың жер бетінде аздығы сонша – олардың істерінің еш әсері жоқ.
- _____ Басқа адамдардың пікірлерімен сай келген нәрсе – дұрыс.
- _____ Құдайдың Ілімімен сай келген нәрсе – дұрыс.

4. Келесінің қайсы пәк әрі игі істер?

- _____ Балаларға қамқор болу және оларды оқыту
- _____ Ұрлау
- _____ Басқалардың дамуы үшін дұға оқу
- _____ Қиын жағдайдан шығу үшін аздап өтірік айту
- _____ Басқаларға көмектесіп, сый күту

5. Келесі жағдайлардың қайсында адамның сөздері оның істерінен өзгешеленеді?

- _____ Біреу біздің барлығымыз бірлікте болуымыз керек деп қайталай береді, бірақ оның мінез-құлқы шиеленіс тудырады.
- _____ Біреу кіршіксіз өмірдің құндылығын мадақтайды, бірақ некеден тыс жыныстық қатынастарға түседі.
- _____ Біреу ішімдікке тыйым салатын діни сенімді ұстануды жариялай отырып, өзі ара-тұра алкогольді тұтынады.
- _____ Біреу ерлер мен әйелдердің теңдігін жақтайды, бірақ жұмыс беруші ретінде әйелдерге дәл сондай жұмыс үшін ерлерге карағанда анағұрлым аз төлейді.

6. Баһаи үшін басқа адамның алдында тәубеге келу рұқсат па? _____

7. Тәубеге келудің орнына ол не істеу керек? _____

8. «Рухани ізет көгі» деген нені білдіреді? _____

9. Жаман қылықтар әлемге қалай әсер етеді? _____

10. Жамандық жасағандардың істері олардың өздеріне қалай әсер етеді? _____

БӨЛІМ 3

Ал енді Жазбалардан алынған келесі дәйексөздерді оқып, оларға ой толғаңыз. Содан соң оларды есте сақтауға тырысыңыз.

«Шыншылдық адамның барлық ізгі қасиеттерінің негізі болып табылады».⁶

1. Адам баласының барлық ізгі қасиеттерінің негізі болып не табылады? _____

«Шыншылдықсыз Құдайдың барлық әлемдерінде қандайда болмасын жанға дамып-жетілу және жетістікке жету мүмкін емес».⁷

2. Шыншылдықсыз не мүмкін емес? _____

«Уа адамдар, тілдерінді шыншылдықпен әшекейлендер, жандарыңды адалдық оюымен өрнектеңдер».⁸

3. Біз өзіміздің тілімізді немен әшекейлеуіміз керек? _____

4. Біз өзіміздің жанымызды немен өрнектеуіміз керек? _____

«Көз-қарасың пәк, қолың адал, тілің шыншыл, ал жүрегің нұрланған болсын».⁹

5. Біздің көз-қарасымыз қандай болуы тиіс? _____ Қолымыз ше? _____ Тіліміз ше? _____ Жүрегіміз ше? _____

«Құдай шатырының астында тұрып жатқандар әрі мызғымас даңқтың тағында орныққандар, тіпті аштан өліп жатса да, көршілерінің қаншалықты лайықсыз әрі жиіркенішті екеніне қарамастан, оның мүлкіне өздерінің қолдарын сұғып, оны заңсыз тартып алудан бас тартады».¹⁰

6. Біз аштан өліп бара жатсақ да, не істеуден бас тартуымыз керек? _____

БӨЛІМ 4

Сіз, бәлкім, 2-ші бөлімде байқағандай, осы тараудағы кейбір жаттығуларға нақты жауап беру керек. Осындай жағдайларда, егер жауап жайлы күмәндансаңыз, тобыңыздың жүргізушісі сізге және басқа қатысушыларға ой бірлігіне жетуге көмектесе алатын болады. Басқа жаттығулар үшін талқылаудың өзі маңызды болып табылады және ешбір нақты жауап күтілмейді. Келесіде 3-ші жаттығу бірінші түрге жатады, ал 6-шы жаттығу екіншісіне жатады.

1. Шыншылдық адамның барлық ізгі қасиеттерінің негізі болып табылады. Бес ізгі қасиетті тізіп жазыңыз: _____

2. Осы ізгіліктерді біз шыншылдықсыз иелене аламыз ба? _____

3. Келесі пайымдаулардың қайсы шын:

_____ Адам өтірік айта тұрып, әділетті бола алады.

_____ Ұрлық жасаған адамның қолы адал.

_____ Адал қол ешқашан өзіне тиесілі емес нәрсеге тиіспейді.

_____ Порнографиялық материалдарға қарау Баһаулланың пәк көз-қарасқа ие болу кеңесіне қайшы келеді.

_____ Шыншылдық өтірік айтпауды білдіреді.

_____ Шынайылық – жан-дүниенің әшекейі.

_____ Шыншыл емес адам рухани өрлей алады.

_____ Анда-санда өтірік айта салғаннан ештеңе етпейді.

_____ Егер адам аш болса, ұрлық Құдайдың алдында қабылданарлық.

_____ Кейінірек қайтарамын деген оймен бір нәрсені иесінің рұқсатынсыз алу ұрлыққа жатпайды.

_____ Біз шынайылықпен әрекет етіп және әділ әрі шыншыл болғанда, біздің жүрегіміз нұрланады.

_____ Аздаған айлакерліксіз бизнес жасау мүмкін емес.

4. Өз-өзіне өтірік айту мүмкін бе? _____

5. Біз өтірік айтқанда, неден айырыламыз? _____

6. Егер бәріміз шыншыл әрі шынайы болсақ, жер беті қандай болар еді? _____

БӨЛІМ 5

Келесі дәйексөздерді оқып, оларды жаттап алуға тырысыңыз. Жазбалардағы дәйексөздерді жаттау аса мадақталады және сіз бұған бар күшіңізді салуыңыз керек. Әрине, үзінділерді барлығы оңайлықпен жаттай алмайды. Дегенмен күш салу бізге идеяларды ақыл-санамызда және жүрегімізде мықтап сақтап қалуға және оларды түпнұсқа мәтінге мүмкіндігінше жақын етіп, сөздермен білдіруге көмектеседі.

«Мейірімді тіл адамдардың жүректерін баурайды. Ол – рухани азық, ол сөздерге мән береді, ол – даналық пен түсіну жарығының қайнар көзі ...»¹¹

1. Мейірімді тілді қалай сипаттауға болады? _____

2. Мейірімді тіл сөздерге қалай әсер етеді? _____

«Уа Құдайдың сүйіктілері! Бұл қасиетті Заңпатшалығында дау-жанжал мен алауыздыққа еш рұқсат жоқ. Бұны бастаушы әрбіреуі өзін Құдайдың рақымынан айырады».¹²

3. Жоғарыдағы дәйексөзге сай, осы Заңпатшалықта неге тыйым салынады? _____

4. Дау-жанжалды бастаған өз-өзіне не жасайды? _____

«Бұл Күні Құдай сүйіктілерінің арасындағы араздық пен ұрыс-керіс, келіспеушілік, жатсыну мен немқұрайлылықтан басқа ештеңе де осы Іске анағұрлым зор зиян келтірмейді».¹³

5. Құдай Ісіне қандай жағдайлар зор зиян келтіреді? _____

«Достықты тек сөз жүзінде ғана білдірмеңдер, жолдарыңызда кім кездесе де, жүректеріңіз оған махаббатқа толы мейірімділікпен лауласын».¹⁴

6. Достықтың қандай түрі бізді қанағаттандырмауы керек? _____

7. Біздің жүрегімізде не лаулап жануы керек? _____

«Соғыс жайында ой туса, оған бейбітшілік туралы күштірек ойды қарсы қойыңдар. Жеккөрушілік туралы ойды бұдан күштірек сүйіспеншілік ойы жоюы тиіс».¹⁵

8. Соғыс туралы ойға нені қарсы қою керек? _____

9. Жеккөрушілік туралы ойды немен жою керек? _____

БӨЛІМ 6

Жоғарыдағы дәйексөздерді есте ұстай отырып, келесі жаттығуларды орындаңыздар.

1. «Баурау» басқаша магнит дегенді білдіреді. Мейірімді тіл магнит тәріздес қалай әрекет етеді?

2. Келесі пайымдаулардың қайсы мейірімді тілден шығады?

_____ «Мазамды алмашы!»

_____ «Сен неге бұны түсінбейсің?»

- _____ «Кешіріңіз, шамалы күте тұра аласыз ба?»
_____ «Неткен сұмдық балалар!»
_____ «Рахмет, сіз сондай мейірімдісіз!»
_____ «Менің қазір саған еш уақытым жоқ. Менің қолым бос емес».

3. Келесі жағдайлардың қайсысында дау-жанжал мен алауыздық бар?

- _____ Кеңесу барысында екі адам қандайда бір тақырып бойынша әр түрлі идеяларды білдіреді.
_____ Кеңесу барысында екі адам сөзге келіп қалып, бір-бірімен дауласады.
_____ Екі адам бір-бірімен сөйлеспейтіндіктен, олар апта сайынғы дұғалық кездесуге қатысуды тоқтатты.
_____ Жоба бойынша бірге жұмыс істейтін топ мүшелері, әрқайсысы, басқалары өздерінің бөліктерін істемейтінін айтып, шағымдана береді.

4. Келесі жағдайлардың қайсы жатсынудың белгілерін танытады?

- _____ Екі дос көшеде бір-бірінің жанынан өтеді, бірақ бір-бірін көзге ілмейді.
_____ Біреу дұғалық кездесуге келеді және бәрі де онымен жылы амандасады.
_____ Олар бір-біріне сыпайылық танытса да, топтың екі мүшесінің жобада бірге ат салысуға ынталары жоқ.

5. Келесі пайымдаулардың шын екенін шешіңіз:

- _____ Басқалар жайында не ойлайтымызды нақты айтуымыз керек; олардың жүрегіне ауыр тие ме, жоқ па – маңызды емес.
_____ Дау-жанжалдан құтылу үшін өтірік айтудан түк болмайды.
_____ Дау-жанжалды мейірімділік және сүйіспеншілікпен жеңуге болады.
_____ Сүйіспеншілікпен айтылған сөз анағұрлым тиімді.
_____ Төбелесті бастаған адаммен төбелесуге болады.
_____ Ауырған немесе мұңайған кезде, адамның басқалармен дөрекі болуға хақы бар.
_____ Қателескен адамдарды күлкі қылу мейірімді емес.
_____ Достар бір-біріне ренжіп қалғанда, әрқайсысы басқасына жақынырақ болу үшін айрықша күш салуы керек.
_____ Достар бір-біріне ренжіп қалғанда, әрқайсысы басқасының жақындасуға күш салуын күтуі керек.

БӨЛІМ 7

Төмендегі дәйексөздерді оқып, оларды есте сақтаңыз:

«... ғайбат жүректің жарығын сөндіріп, жанның өмірін құртады».¹⁶

«Өзің қателесе тұра, өзгенің қателері жайында үніңді шығарма».¹⁷

«Жамандықты айтпа, сонда жамандықты естімейсің; басқалардың айыбын арттырма, сонда өз айыбың артық көрінбейді. . .»¹⁸

«Уа Болмыс Ұлы! Өз айыптарыңды ұмытып, өзгелердің айыптарымен қалайша әлексің?»¹⁹

1. Ғайбат сөйлеген адамға ғайбат қалай әсер етеді? _____

2. Басқа адамдардың қетелері туралы үндемес бұрын, біз не жайлы ойлауымыз керек? _____

3. Басқалардың айыбын арттырсақ, бізбен не болады? _____

4. Басқа адамдардың айыптары жайлы ойлағанда, біз нені есте сақтауымыз керек? _____

БӨЛІМ 8

Жоғарыдағы дәйексөздерді есте ұстай отырып, келесі жаттығуларды орындаңыздар.

1. Басқалардың айыптарына шоғырланған адам жанының өрлеуіне не болады? _____

2. Ғайбат сөз қауымдастыққа қалай әсер етеді? _____

3. Досыңыз басқа адамның айыптары жайлы айта бастағанда, сіз не істейсіз? _____

4. Келесі пайымдаулардың шын екенін шешіңіз:

_____ Біреудің нағыз кемшіліктері жөнінде сөйлескенде, біз ғайбат айтпаймыз.

_____ Біреудің мақтауға тұрарлық қасиеттері және оның кемшіліктері жайлы бір уақытта айтсақ, біз ғайбат айтпаймыз.

_____ Ғайбат айту – біздің қоғамымызда дағдылы құбылысқа айналған және одан құтылу үшін тәртіпті дамытуымыз керек.

_____ Егер тыңдаушы біздің басқа адам туралы айтқанымызды қайталамауға уәде берсе, онда ғайбаттың ешқандай зияны жоқ.

_____ Ғайбат бірліктің ең үлкен жауларының бірі болып табылады.

_____ Егер біз әрдайым басқа адамдар жайлы сөйлесуді әдетке айналдырсақ, бұл оңай ғайбат айтуға айналуы мүмкін.

_____ Комитет мүшелерін атау үшін Жергілікті Рухани Жиналыстың кездесуінде әр түрлі адамдардың қабілеттері талқыға салынғанда, бұл ғайбат айту болып табылады.

_____ Ғайбат айтуды қатты қалаған кезде, біз өзіміздің кемшіліктерімізді есте ұстауымыз керек.

_____ Біреудің Сенімге зиян келтіретін бір нәрсе істеп жатқанын білсек, бұны қауымдастықтың мүшелерімен талқылауымыз керек.

_____ Біреудің Сенімге зиян келтіретін бір нәрсе істеп жатқанын білсек, бұл жайында тек Жергілікті Рухани Жиналысқа хабарлауға тиіспіз.

_____ Ерлі-зайыптыларға басқа адамдардың кемшіліктері жайлы сөйлесудің ешқандай жамандығы жоқ, өйткені олар бір-бірінен құпия сақтамаулары тиіс.

БӨЛІМ 9

Басында айтылып кеткендей, осы тараудың мақсаты – қатысушыларға күн сайын Қасиетті Жазбалардан үзінділерді оқу және олардың мағынасы жайында ой толғау әдетін нығайтып дамытудағы күш-жігерлерінде көмектесу. Құдайдың өлеңдерін әр таңда және кеште оқу – біздің рухани дамуымызға алып келетін Баһаулланың ілімі. Келесі үзінді бізге осы міндеттемені орындаудан алатын жомарттылықтар жайлы еске салады және сізді оны жаттап алуға ынталандырамыз:

«Менің сөздерімнің мұхитына сүңгіңдер, сонда сендер оның құпияларын ашасыңдар, оның түбінде жасырын жатқан даналық інжулерін табасыңдар».²⁰

Осы тарауды аяқтаған соң, сіз Баһаулла Жазбаларының кітабын алып, оны күнделікті оқуды қалайтын боларсыз. Тылсым сөздер ең бірінші жақсы таңдау болады.

СІЛТЕМЕЛЕР

1. Шоги Әффенді, *Таңғажайып Әділдіктің Келуі* (Уилметт: Баһаи Баспасы, 2006, 2018), 39 абз., 36-37 бб. келтірілген Баһаулла.
2. *Баһаулла Жазбаларынан алынған Сөз Түйірлері* (Уилметт: Баһаи Баспасы, 1983, 2017 жж. басылым), СХХХІХ, 8 абз., 345 б.
3. Баһаулла, *Тылсым Сөздер* (Уилметт: Баһаи Баспасы, 2003, 2012 жж. басылым), араб тілінен, № 31, 11 б.
4. Дәл сол жерде, парсы тілінен, № 5, 24 б.
5. Дәл сол жерде, парсы тілінен, № 69, 46 б.
6. Шоги Әффенді, *Таңғажайып Әділдіктің Келуі*, 40 абз., 39 б. келтірілген Абдул-Баһа.
7. Дәл сол жерде.
8. *Баһаулла Жазбаларынан алынған Сөз Түйірлері*, СХХХVІ, 6 абз., 336 б.
9. *Кітаб-и-Аздастан кейін ашылған Баһаулла Шарғылары* (Уилметт: Баһаи Баспасы, 1988, 2005 жж. басылым), № 9.5, 138 б.
10. *Баһаулла Жазбаларынан алынған Сөз Түйірлері*, СХХХVІІ, 3 абз., 338 б.
11. Дәл сол жерде, СХХХІІ, 5 абз., 327 б.
12. *Абдул-Баһаның Еркі мен Өсиетхаты* (Уилметт: Баһаи Баспасы, 1944, 2013 жж. басылым), 26 б.
13. *Баһаулла Жазбаларынан алынған Сөз Түйірлері*, V, 5 абз., 8 б.
14. *Париждегі Сұхбат: 1911 жылы Абдул-Баһаның сөйлеген сөздері* (Уилметт: Баһаи Баспасы, 2011), № 1.7, 6 б. жарияланған 1911 жылдың 16 және 17 қазанында берген сұхбаттан.
15. Абдул-Баһаның 1911 жылдың 21 қазанында берген сұхбатынан, дәл сол жерде, № 6.7, 22 б.
16. *Баһаулла Жазбаларынан алынған Сөз Түйірлері*, СХХV, 3 абз., 300 б.
17. *Тылсым Сөздер*, араб тілінен, № 27, 10 б.
18. Дәл сол жерде, парсы тілінен, № 44, 37 б.
19. Дәл сол жерде, араб тілінен, № 26, 10 б.
20. *Баһаулла Жазбаларынан алынған Сөз Түйірлері*, LXX, 2 абз., 154 б.



Дұға

Мақсаты

Дұғаның маңыздылығы жайлы толғану және тұрақты түрде дұға оқу әдетін нығайту

БӨЛІМ 1

Рухи Институтының курстары қатысушыларға қызмет ету жолымен жүруге көмектесуге арналған. Бізді, осы жолмен жүргенде, екіжақты мақсат сезімі қозғалысқа итермелейді: рухани және интеллектуалды өсу және қоғам түрленуіне үлес қосу. Біздің мақсатымыздың осы екі қырлары бір-бірінен ажыратылмас. Баһаулла бізді бір үзіндіде ескертеді:

«Жеке бастарынның қам-қарекетін ойлап уайымдамандар; адамзаттың әл-ауқатын не қалпына келтірсе және адамдардың жүректері мен жандарын не тазартса, ойларың сол жайында болсын».¹

Басқа бір үзіндіде Ол айқындайды:

«. . . ажалды адамдардың толықтай жоқшылықтан болмыс патшалығына қадам басқандағы мақсаты – олардың әлемнің жақсаруы үшін жұмыс істеп, үйлесімділік пен келісімде бірге өмір сүре алуларында».²

Біздің ішкі жағдайымызға байланысты Ол мәлімдейді:

«Пәк жүрек айна тәрізді; оны махаббаттың жылтырауымен және Құдайдан басқаның барлығынан бөлектенумен тазалаңдар, сонда нағыз күннің көзі онда жарқырап, мәңгілік таңы атады».³

Абдул-Баһа бізге айтады:

«Сендердің жүректерің пәк, ал ниеттерің шынайы болуы керек, сонда сендер тәңірлік сыйларды қабылдай аласыңдар».⁴

1. Біздің ойларымыз бен қам-қарекетіміз неге шоғырлануы керек? _____

2. Толықтай жоқшылықтан болмыс әлеміне біз қандай мақсатпен қадам бастық? _____

3. Жүрегіміздің айнасын біз немен тазалауымыз керек? _____

4. Тәңірлік сыйларды тартатын кейбір жағдайлар қандай? _____

5. Келесінің қандайда біреуі шын ба?

- Алдымен, өзіңнің қамыңды ойлауың керек, ал содан соң басқалардың қамын ойлайсың.

- Егер сен үнемі басқаларға көмектессең, ақыр аяғында, өз мақсаттарыңнан көз жазып қаласың.

- Сен – өзіңнің ең жақын досыңсың.

- Ең маңыздысы – сені бақытты ететін нәрсені анықтау.
- Армандарыңа ер, сонда олар сені бақытқа жетелейді.
- Басқалардың жанына тимейтіндіктен, сенің не істейтінің маңызды емес.
- Сен біраз жақсылық істейтіндіктен, сенің себептеріңнің өзімшіл болуынан түк те етпейді.

БӨЛІМ 2

Екіжақты мақсатқа орталық сенім – біздің бәріміздің бекзат болып жаратылғанымыз. Баһауллай айтады:

«Уа Рух Ұлы! Сені бай етіп жараттым, неліктен кедейлікке ұшыраудасың? Сені бекзат етіп жараттым, неліктен өзінді кемсітесің? Сені білім мәнінен жасадым, неге Менен басқадан білім іздейсің? Махаббат саз-топырағынан илеп жасадым, қалайша сен басқамен әлексің? Жанарыңды өзіңе бұр, сонда бойыңда қуатты, құдіретті, өз-өзінде жасаушы Мені көресің».⁵

Төмендегі бос орындарды толтыру сізге осы үзіндіге толғануға көмектеседі.

«Уа Рух Ұлы! Сені _____ етіп жараттым, неліктен _____ ұшыраудасың? Сені _____ етіп _____, неліктен өзінді _____ ? Сені _____ жасадым, неге _____ басқадан _____ ? _____ саз-топырағынан _____, қалайша сен _____ ? _____ бұр, сонда бойыңда _____, _____ Мені көресің».

Біздің жанымыздың бекзаттылығына адал болу үшін біз болмысымыздың Бастауына бұрылып, Одан ағартушылықты іздеуіміз керек. Бұған жетудің ең бұлтартпайтын жолдарының бірі дұға арқылы. Сенім Сақтаушысы Шоги Әффенді бізге оның басты мақсаты «рухани ізгіліктер мен күштерді иелену арқылы жеке адам мен қоғамның дамуы» екенін айтады. «Алдымен, адамның жаны қоректенуі керек. Бұл рухани азықты дұға ең жақсы қамтамасыз етеді».⁶

БӨЛІМ 3

Құдай – Бәрін Білуші, Ең Дана. Ол бізді жаратты және біздің жүрегімізде не барын және біз үшін ненің ең жақсы екенін біледі. Құдай біздің дұғамызға зәру емес. Онда біз неге дұға оқимыз?

Абдул-Баһа мәлімдейді:

«Ең асқақ дұғасында адам өзінің Құдайға деген махаббатынан ғана дұға оқиды, Құдайдан немесе тозақтан қорыққандықтан емес, не болмаса жомарттылық я жұмаққа үміттенетіндіктен емес. . . Адам біреуге ғашық болғанда, ол сүйіктісінің есімін айтпай тұра алмайды. Ал Құдайға ғашық болған адам үшін Оның Есімін айтпай жүруі қаншалықты қиын десенші . . . Рухани адам Құдайды еске алудан басқа ешнәрседен де қуаныш таба алмайды».⁷

Сұраққа жауап ретінде Ол түсіндіреді:

«Егер бір дос екіншісін жақсы көрсе, оның осы жайлы айтқысы келетіні орынды емес пе? Ол сол досы оның оған деген махаббатынан хабардар екенін білсе де, ол сонда да осы жайлы айтқысы келіп тұрмай ма? . Құдайдың барлық жүректердің тілегін білетіні рас; дегенмен, дұға оқуға итермелейтін күш – адам баласының Құдайға деген махаббатынан туатын табиғи құбылыс».⁸

1. Келесі сөйлемдерді толтырыңыз:

а. _____ дұғамызда _____ біз өзіміздің Құдайға деген _____ ғана _____, Құдайдан немесе _____ қорыққандықтан емес, не болмаса _____ я _____ үміттенетіндіктен емес.

ә. Біз біреуге _____ болғанда, біз _____ есімін _____ . Ал Құдайға _____ болған адам үшін Оның _____ айтпай жүруі қаншалықты _____ десеңші.

б. Рухани адам Құдайды _____ басқа ешнәрседен де _____ таба алмайды.

2. Біз неге дұға оқимыз? _____

3. «Құдайды еске алу» деген тіркес нені білдіреді? _____

4. Басқа адамды сүйетін адамның ең жалынды қалауы не? _____

5. Дұға оқуға деген түрткі неден бастау алады? _____

БӨЛІМ 4

Баһаулла ашқан дұғадан біз оқимыз:

«Саған жалбарынамын. . . менің дұғамды мені Сенің сұлулығыңнан бүркеп тұрған жамылғыны жағып жіберетін от, Сенің мекеніңнің мұхитына қарай мені жетелейтін нұр етші».⁹

Дәл сол дұғада біз Құдайдан сұраймыз:

«Менің дұғамды, Уа Құдайым, өміршең бұлақтың қайнар көзі ет, мен онымен Сенің үстемдігің қаншалықты созылса, соншалықты өмір сүрейін, Сенің әлемдеріңнің әр әлемінде Сені есіме алып жүрейін»¹⁰

1. Қандай мағынада дұға от сияқты бола алады? Ол нені жұтып алады? _____

2. Бізді Құдайдан бүркейтін кейбір перделерді атаңыз: _____

3. Дұға нұр тәрізді бола алады ма? Ол бізді неге жетелейді? _____

4. Дұға өміршең бұлақтың қайнар көзі тәрізді бола алады ма? Ол біздің жанымызға нені дарытады? _____

БӨЛІМ 5

Абдул-Баһаның келесі сөздерін оқып, оларға ой толғаңыз:

«Тіршілік әлемінде дұғадан тәттірек ешнәрсе жоқ. Адам дұғалық күйде өмір сүруі керек. Ең жарылқаған күй – ол дұға мен жалбарыну күйі. Дұға – ол Құдаймен тілдесу. Ең ұлы жетістік әрі ең тәтті күй тек Құдаймен тілдесу ғана болып табылады. Ол руханилықты, саналылықты және аспандық сезімдерді тудырады, Патшалықтың жаңа тартылыстарын шақырады, жоғарғы ақыл-парасаттың қабылдағыштығын тудырады».¹¹

1. Тіршілік әлемінде ең тәтті күй не? _____

2. «Дұғалық күй» тіркесі нені білдіреді? _____

3. Дұға тудыратын қасиеттердің кейбірін атап кетіңіз: _____

4. Осы бірнеше бөлімдерде оқыған дәйексөздерді қайта қарап, дұға табиғаты жайлы бес тіркес жазыңыз.

- Дұға – бұл _____

- Дұға – бұл _____

- Дұға – бұл _____

- Дұға – бұл _____

- Дұға – бұл _____

БӨЛІМ 6

Баһаулланың келесі сөздерін оқып, оларға толғаныңыз:

«Уа құлым Менің, Оған жақындағандар шырқағандай, өзің алған Құдайдың өлеңдерін шырқа, сонда сенің әуеніңнің тәттілігі жаныңды жалындатып, күллі адамдардың жүректерін өзіне баурайды. Кімде-кім Алланың ашқан өлеңдерін өз баспанасында оңаша оқыса, Құдіреттінің таратушы періштелері оның аузымен айтылған сөздердің жұпар иісін жер-жерде таратып, әр тақуа адам жүрегiнiң толқуына түрткі болады. Басында ол бұның әсерін білмеуі мүмкін, дегенмен оған берілген рақымның ізгілігі ертелі-кеш оның жан дүниесіне ықпал етуі тиіс. Осылай күш пен даналықтың Бастауы болып табылатын Оның Еркімен Құдай Ашылымының құпиялары білдірілген».¹²

1. «Шырқа» сөзі нені білдіреді? _____

2. Біз қалайша Құдайдың өлеңдерін шырқауымыз керек? _____

3. «Оқу» сөзі нені білдіреді? _____

4. «Тарату» сөзі нені білдіреді? _____

5. Біздің әуеніміздің тәттілігі біздің жанымызға қандай әсерін тигізеді? _____

6. Біздің әуеніміздің тәттілігі басқалардың жүректеріне қандай әсерін тигізеді? _____

БӨЛІМ 7

Сіз Баһаулла ашқан дұғадан алынған келесі екі үзіндіні есте сақтауды қалайтын боларсыз:

«Уа Тәңірім, Тәңірім менің! Менің үміттерім мен әрекеттеріме қарама, одан да көк пен жерді орап алған Өзіңнің еркіңе қара. Уа Сен, барша халықтардың Әміршісі, Сенің Ең Ұлы Есіміңмен ант етемін! Мен тек Сен қалағанды ғана қаладым, тек Сен сүйетінді ғана сүйемін».¹³

«Сенің жақындығыңның аспанына көтерілу үшін Саған жақын болғандардың мадағына немесе Сенің қақпаңның есігіне жету үшін Саған берілгендердің жүрек құстарына Сен тым асқақсың. Сенің барша сипаттардан да қасиетті екеніңе, барлық есімдерден де киелі екеніңе мен куәмін. Бәрінен Даңқты, Ең Асқақ, Сенен басқа Құдай жоқ».¹⁴

БӨЛІМ 8

Абдул-Баһа мәлімдейді:

«Құлының Құдайға мінәжат етіп, көмек іздеуі және Оның қолдауына жалбарынып, өтінуі тиісті. Бұл қызмет етудің дәрежесіне айналады және Билеуші Ие, Өзінің кәміл даналығына сай, Өзі тілеген қандайда болмасын нәрсені бұйырады».¹⁵

Ол түсіндіреді:

«Рухтың ықпалы бар; дұға рухани әсерге ие. Сол себептен біз «Уа Алла! Осы сырқатты сауықтыр!» деп дұға оқимыз. Кімнің дұға оқитыны маңызды ма? Алла тағала, егер сол дұғасы шұғыл болса, әр құлының дұғасына жауап береді. Оның мейірімі кең-байтақ, шектеусіз. Ол Өзінің барлық құлдарының дұғаларына жауап қатады. Ол мына өсімдіктің дұғасына жауап береді. Өсімдік былай мінәжат етуі мүмкін: «Уа Алла! Маған жаңбыр жібер!» Құдай осы дұғаға жауап береді де, өсімдік өседі. Құдай кімге болса да жауап береді».¹⁶

Біз өзіміздің дұғаларымызда Құдайдан біздің қажеттіліктерімізді орындауын сұрауымыз – табиғи нәрсе. Осылай біз өзіміздің денсаулығымыз және сүйіктілеріміздің денсаулығы үшін дұға етеміз, өзіміздің отбасыларымыздың рухани және материалдық өрлеуі үшін дұға етеміз және жетекшілік үшін дұға етеміз. Біз күш, сенім және қызмет ету жолында расталуды сұраймыз. Құдайға мінәжат етуде біз, әрине, біздің өміріміздің мақсаты өзіміздің еркімізді Оның еркіне сай ету екенін есте ұстауымыз керек. Сол себептен біз Оның Еркінің орындалуы және оған бағынуға дайын болуымыз үшін дұға етуіміз қажет. Егер сіз Абдул-Баһаның келесі сөздерін жаттап алсаңыз, олар сізге барлық уақытта қуаныш пен сенімділік бастауы ретінде қызмет ететін болады:

«Уа сен, жүзін Құдайға бұрған! Жанарыңды басқа барлық нәрселерге жұм да, оны Бәрінен Даңқтының патшалығына аш. Не қаласаң да, жалғыз Одан сұра; не іздесең де, жалғыз Одан ізде. Бір қарағанымен Ол жүз мындаған үміттерді сыйлайды, бір көзқарасымен Ол жүз мындаған емделмес дерттерді емдейді, бір бас изеуімен Ол әр жараға май жағады, бір сәтке көз тастауымен Ол жүректерді қайғы-мұңның шынжырларынан босатады. Ол Өзі істегендей істейді, ал біздің қандай амалымыз бар? Ол Өзінің Еркін жүзеге асырады, Ол Өзі қалағанды тағайындайды. Онда сен үшін бағынушылықта басыңды ию және сенімнің Бәрінен Қайырымды Билеуші Иеге арту жақсырақ болады».¹⁷

БӨЛІМ 9

Біз осы уақытқа дейін оқыған нәрселердің барлығынан Алла тағалаға дұғада бұрылу рухани өмірдің өте маңызды талабы екені айқын. Таңсәріде серуендеп қайтқан соң-ақ және түнде ұйықтар алдында Құдайға дұға ету, әсіресе, қандай тәтті десейші. Біздің күн сайын дұға оқуға жұмсайтын уақытымыз бен біз айтатын дұғалар саны біздің қажеттіліктерімізге және рухани аңсарымызға байланысты. Әр жағдайға біз Баһаулла, Баб және Абдул-Баһамен ашылған көптеген дұғалардың ішінен таңдай аламыз. Дегенмен Баһаулла сонымен қатар күн сайын оқылатын үш міндетті дұғаны ашты. Шоги Өффенді айтады:

«Күнделікті оқылатын үш міндетті дұға бар. Ең қысқасы бір шумақтан тұрады, оны әр жиырма төрт сағатта бір рет талтүсте айту қажет. «Одан басқа Құдай жоқ екеніне Тәңірі куә» - деген сөздермен басталатын орташа дұғаны күніне үш рет айту керек: таңертен, түс

кезінде және кеш түскен уақытта. Бұл дұға белгілі бір физикалық әрекеттер мен ым-ишарамен сүйемелденеді. Үш дұғаның ішіндегі ең күрделісі – көлемді дұғаны – қалаған уақытта жиырма төрт сағатта бір рет оқу қажет.

«Сенушіге осы үш міндетті дұғаның біреуін таңдап алуға еркіндік беріледі, бірақ ол міндетті түрде біреуін оқуы тиіс және оны сүйемелдеуі мүмкін қандайда бір нақты нұсқауларға сәйкес оқуы тиіс».¹⁸

Және ол жалғастырады:

«Бұл күнделікті міндетті дұғалар Сауығу дұғасы, Ахмадқа Жолдау сияқты бірнеше басқа арнаулы дұғалармен бірге Баһаулламен ерекше күш пен мағынаға бөленген және сол себептен сол қалпында қабылдануы керек және сенушілермен мүлтіксіз сенім әрі сенімділікпен оқылуы қажет, сонда олардың көмегімен олар Құдаймен анағұрлым жақынырақ тілдесуге түсе алады және өздерін Оның заңдары мен уағыздарына әлдеқайда толығырақ теңдестіре алады».¹⁹

Баһаулла ашқан күнделікті үш міндетті дұғаны жеке айту керек. Күнделікті міндетті дұға, нақты бір салт жораларына сай, топта оқылатын көпшілік дұғаның түрі Баһаи Сенімінде жоқ. Қайтқан адамдар үшін дұға – Баһаи заңымен тағайындалған жалғыз көпшілік дұға. Оны қатысушылардың біреуі жерлеу алдында оқиды, ал топтағы басқа адамдар үнсіздікте тұрады.

1. «Міндетті» сөзі нені білдіреді? _____

2. Баһаулла қаншалықты көп күнделікті міндетті дұғаларды ашты? _____

3. Біз күн сайын барлық үш дұғаны оқуымыз керек пе? _____
4. Егер біз көлемді міндетті дұғаны таңдап алсақ, біз оны күн сайын қаншалықты көп рет оқуымыз керек? _____
5. Егер біз орташа міндетті дұғаны таңдап алсақ ше? _____
6. Егер біз қысқаша міндетті дұғаны таңдап алсақ ше? _____
7. Ерекше күші бар кейбір дұғаларды атап кетіңіз: _____

8. Егер сіз бұны әлдеқашан істемесеңіз, қысқаша міндетті дұғаны жаттап алыңыз:

«Уа менің Тәңірім, Сен мені Сені білсін деп және Саған табынсын деп жараттың, мен бұған куә боламын. Осы сәтте мен өзімнің дәрменсіздігіме және Сенің құдіретіңе, өзімнің кедейлігіме және Сенің молшылығыңа куә боламын.

«Қиындықта Құтқарушы, Өз-Өзінде Жасаушы, Сенен басқа Құдай жоқ».²⁰

9. Осы дұғада біз неге куә боламыз? _____

БӨЛІМ 10

Біз, міндетті дұға заңына бағынудан алатын жарылқауларға және басқа дұғаларды жеке айтудан алатын қорегімізге қоса, біздің жанымыздың, үлкен не шағын жиналыстарда оқылатын дұғаларды естіген кезде, асқақтайтынын есте ұстауымыз керек. Баһаулла бізге айтады:

«Асқан қуанышта және жолдастықта бірге жиналындар және мейірімді Тәңірімен ашылған шумақтарды оқындар. Солай істегенде, нағыз білім есіктері сендердің ішкі болмыстарыңа ашылады және сонда сендер жандарыңның беріктікпен бөленгенін, ал жүректеріңнің нұрлы шаттыққа толғанын сезесіңдер».²¹

Біз күллі жер бетінде достар мен көршілер Құдаймен тілдесу үшін бірге жиналатын дұғалық кездесулердің мыңдап көбейіп жатқанын білуден зор қуаныш аламыз. Бүкіләлемдік Әділет Үйі жазады:

«Дұғалық кездесулер – бұл кез келген жан ене алатын, аспандық хош иісті жұта алатын, дұғаның тәттілігін бастан кеше алатын, Жасампаз Сөз төңірегінде ой толғай алатын, рух қанатында самғай алатын және Сүйіктімен тілдесе алатын оқиғалар. Жолдастық пен ортақ іс сезімдері, әсіресе, сондай уақыттарда табиғи түрде пайда болатын және олар арқылы «адам жүрегінің шаһары» ашылатын рухани асқақ әңгімелесулерде туындайды».²²

Біз дұға оқу үшін толқығанда, санамызды бұ дүниелік нәрселерден тазарту үшін тыныш қана сәтін күтеміз. Дұға оқып жатқан кезде, біз ойларымызды Құдайға шоғырландырамыз. Дұға оқып болғаннан кейін, біраз уақыт үнсіздік сақтаймыз және дереу басқа шаруаға кіріспейміз. Біз, басқа адамдардың жиналыста оқыған дұғаларын тыңдаған кезде де, дәл солай істейміз. Сондай жағдайларда біз дұғалық күйді сақтап, өзіміз оларды оқып жатқандай, сөздерді мұқият тыңдауымыз керек.

1. Біз Құдайдың өлеңдерін оқыған кезде, қандай рухта бірге жиналуымыз керек? _____

2. Құдайдың шумақтарын оқу үшін бірге жиналуымыздың нәтижесі қандай болады? _____

3. Дұғалық кездесулер – бұл кез келген жан

- _____,
- _____,
- _____,
- _____,
- _____,
- _____ оқиғалар.

4. Дұғалық кездесулерде қандай сезімдер туындайды? _____

5. Дұғалық кездесулерде табиғи түрде пайда болатын асқақ әңгімелесулердің нәтижесі қандай?

6. Біз, жалғыз болсын, жиналыста болсын, дұға оқыған кезде, танытуымыз керек сыйластық көзқарасы жайлы бір ауыз сөз жазыңыз.

БӨЛІМ 11

Кітаптың бірінші тарауы күнделікті Жазбалардан үзінділерді оқу мен олардың мағынасы жайында толғану әдетіне шоғырланған. Осында сіз дұғаның маңыздылығы жайында толғандыңыз және нәтижесінде күнделікті дұға оқу әдетін нығайттыңыз. Өткен бөлімде сіздің назарыңызға қауымдастық табынуының маңызы келтірілді. Осы уақытқа шейін сіз оқыған нәрселердің бәрі сізді, егер қаласаңыз, қызмет ету жолындағы бірінші әрекетті – дұғалық кездесуді өткізуді – бастауға дайындады.

Бастапқы қадам ретінде сіз бірқатар дұғаларды есте сақтап және оларды бірнеше досыңызбен бөлісу мүмкіндігін табуды қалайтын боларсыз. Дәл сол уақытта сіз қауымдастығыңыздағы, кемінде, бір дұғалық кездесуге қатысатыныңызға және оның құлшынысы зор қолдаушыларының арасында саналатыныңызға көз жеткізе аласыз. Ақыр соңында, сіз дұға оқып, достасуға тұрақты түрде жиналу үшін достарыңызды, отбасы мүшелерін және көршілеріңізді шақыра отырып, өзіңіз де дұғалық кездесу өткізуді шешуіңіз мүмкін. Осы курстың екі не үш қатысушысының сондай дұғалық кездесуді бірге бастауы – әдеттегі жағдай.

Өзіңіз елестете алатындай, дұғалық кездесудің қалай ұйымдастырылуы тиіс екендігінде ешқандай формула жоқ. Бірақ бұл – барлығы айтарлықтай рухани ахуалда – дұғалар ұсынылатын, Жазбалардан үзінділер оқылатын және асқақ әңгімелесулер орын алатын достардың жиналысы екені анық. Дұғалық кездесу өткізу мәнмәтінінде келесі идеялардың әрқайсысы жайлы бір ауыз сөз айта аласыз ба?

Жылы әрі махаббатқа толы шақырулар жіберу: _____

Қолайлы жағдай жасау: _____

Сыйластық ахуалын сақтау: _____

Қуанышты жолдастықты алға жылжыту: _____

Рухани асқақ әңгімелесулерге ынталандыру: _____

СІЛТЕМЕЛЕР

1. *Баһаулла Жазбаларынан алынған Сөз Түйірлері* (Уилметт: Баһаи Баспасы, 1983, 2017 жж. басылым), XLIII, 4 абз., 105 б.
2. Бүкіләлемдік Әділет Үйінің Зерттеу Бөлімімен құрастырылған *Сенімділік: Баһаи Жазбаларынан үзінділер жинағындағы* Баһаулла (Лондон: Баһаи Баспасы, 1987), № 21, 5 б.
3. *Таңғажайып Сүйіктінің шақыруы: Баһаулланың таңдаулы тылсым еңбектері* (Хайфа: Баһаи Әлемдік Орталығы, 2018), № 2.43, 31 б.
4. *Бүкіләлемдік Бейбітшіліктің Жариялануы: 1912 жылы Абдул-Баһаның АҚШ пен Канадаға барғандағы берген сұхбаттары* (Уилметт: Баһаи Баспасы, 2012), 127 бетінде жарияланған 1912 жылдың 5 мамырдағы сұхбатынан.
5. Баһаулла, *Тылсым Сөздер* (Уилметт: Баһаи Баспасы, 2003, 2012 ж. басылым), араб тілінен, № 13, 6-7 бб.
6. Бүкіләлемдік Әділет Үйінің Зерттеу Бөлімімен құрастырылған *Дұға және дұғалық өмір: Баһаулла, Баб және Абдул-Баһаның Жазбалары мен Шоги Әффенді және Бүкіләлемдік Әділет Үйінің хаттарынан үзінділердің жинағы* (Уилметт: Баһаи Баспасы, 2019), № 71, 31 б. жарияланған Шоги Әффендінің атынан 1935 жылдың 8 желтоқсанында жазылған хатынан.
7. Дж.Э. Есслемонт, *Баһаулла және жаңа дәуір: Баһаи Сеніміне кіріспе* (Уилметт: Баһаи Баспасы, 2006, 2017 жж. басылым), 106 бетінде келтірілген Абдул-Баһаның сөздері.
8. Дәл сол жерде.
9. Баһаулла, *Баһаи Дұғалары: Баһаулла, Баб және Абдул-Баһа ашқан дұғалардың іріктемесі* (Уилметт: Баһаи Баспасы, 2002, 2017 жж. басылым), 7-8 бб.
10. Дәл сол жерде, 9 б.
11. *Батыс жұлдызында* келтірілген Абдул-Баһаның сөздері, 8-ші том, № 4 (17 мамыр 1917), 41 б.
12. *Баһаулла Жазбаларынан алынған Сөз Түйірлері*, CXXXVI, 2 абз., 334 б; сондай-ақ *Баһаи Дұғаларында*, iii б.
13. *Баһаи Дұғаларындағы* Баһаулла, 8–9 бб.
14. Дәл сол жерде, 12 б.
15. *Дұға және дұғалық өмірдегі* Абдул-Баһа, № 24, 7 б.
16. *Бүкіләлемдік Бейбітшіліктің Жариялануы*, 345 бетінде жарияланған 1912 жылдың 5 тамызында Абдул-Баһаның берген сұхбатынан.
17. *Абдул-Баһа Жазбаларынан Таңдаулылар* (Уилметт: Баһаи Баспасы, 2010, 2015 жж. басылым), № 22.1, 75-76 бб.

18. *Дұға және дұғалық өмір*, № 61, 25 б. жарияланған Шоги Әффендінің атынан 1936 жылдың 10 қаңтарында жазылған хаттан.

19. *Баһаи Дұғалары*, 301 бетінде келтірілген 1936 жылдың 10 қаңтарында Шоги Әффендінің атынан жазылған хаттан.

20. *Баһаи Дұғаларындағы* Баһаулла, 4 б.

21. *Дұға және дұғалық өмірдегі* Баһаулла, № 68, 29 б.

22. *Әрекет жоспары: Бүкіләлемдік Әділет Үйінің таңдаулы үндеулері мен қосымша материал, 2006–2016* (Уэст-Палм-Бич: Палабра Баспасы, 2017), № 35.49, 232 б. жарияланған, 2015 жылдың 29 желтоқсанындағы жолдаудан.



Өмір мен өлім

Мақсаты

Өмірдің осы әлемнің өткінші жағдайлары мен өзгерістерінен ғана құралмайтынын, бірақ оның шынайы маңыздылығы жанның дамуында екенін ұғыну

БӨЛІМ 1

Адам жаны материя мен физикалық әлемнен жоғары тұр. Өзінің сұхбаттарының бірінде Абдул-Баһа түсіндіреді:

«Бұл материалдық денелер атомдардан құралады; осы атомдар бөліне бастағанда, ыдырау басталады, содан кейін біз өлім деп атайтын нәрсе басталады. . .

«Жанмен басқаша. Жан элементтердің қосындысы емес, ол көптеген атомдардан құралмаған, ол бір бөлінбес мәннен тұрады және сол себептен мәңгі. Ол тұтастай физикалық жаратылыс тәртібінен тыс; ол өлмейді».¹

1. «Құралған» деген нені білдіреді? _____
2. Адам жаны материалдық денелер тәрізді алуан түрлі элементтерден құралған ба? _____
3. Адам жаны физикалық мән бе? _____

БӨЛІМ 2

Сақтаушының атынан жазылған хатта «адам жаны жынысты қосылу кезінде туындайды»² деп айтылады. «Жынысты қосылу» мағынасы жайында сұраққа жауап бере отырып, Бүкіләлемдік Әділет Үйі назар аударады:

««Жынысты қосылу» ретінде суреттелген оқиғаның табиғаты мен биологиялық сәтін дәл анықтайтын ештеңе де Баһаи Жазбаларынан табылмады. Терминнің медициналық мәнмәтінде пайдаланылуы да, сірә, нақты емес. Шынымен де, жынысты қосылудың бір түсінігі оның ұрықтанумен сәйкес келуі; ал басқасы оның ұрықтану мен ұрықтың бекінуінен кейін, жүктіліктің басында пайда болуы. Осылайша, жанның материалдық түрмен байланысының қашан пайда болатынын білу мүмкін емес және мұндай сауалдар рухани әлемнің құпияларымен және жанның өзінің табиғатымен байланысты болғандықтан, олар адам ойы немесе зерттеуі үшін шешілмейтін болуы мүмкін».³

1. Адам жаны қашан туындайды? _____
2. «Жынысты қосылу» термині дәл биологиялық сәтті суреттейді ме? _____

БӨЛІМ 3

Жан мен тәннің байланысы материалдық емес; жан тәнге кірмейді немесе оны тастап шықпайды және физикалық кеңістікте орын алмайды. Оның тәнмен байланысы жарық пен оны шағылыстыратын айнаның байланысына ұқсайды. Айнада пайда болатын жарық оның ішінде орналаспаған. Сол сияқты жан да тәннің ішінде болмайды. Абдул-Баһа нұсқайтындай,

«есті жан немесе адам рухы осы тәнде ажырамастық арқылы өмір сүрмейді, яғни, ол оған енбейді; себебі ажырамастық пен ену тәннің сипаттамалары, ал есті жан осылардан дәріптелген. Ол, оны тастап шыққан соң, басқа бір мекенді талап ететіндей, ешқашан осы тәнге енбеген, бастапқыда. Жоқ, рухтың тәнмен бұл байланысы шамның айнамен байланысындай. Егер айна жылтыратылып тегістелсе, онда шамның жарығы пайда болады, және егер айна сынса немесе оны шаң басса, жарық жасырын қалады».⁴

1. Төмендегі сөйлемдердегі бос орындарды толтырыңыз.

а. Есті жан немесе _____ осы тәнде ажырамастық арқылы өмір сүрмейді, яғни, ол оған _____;

ә. _____ немесе адам рухы тәнге енбейді; себебі ажырамастық пен ену _____, ал есті жан _____.

б. Жан, оны тастап шыққан соң, _____, ешқашан _____, бастапқыда.

в. Рухтың тәнмен бұл байланысы _____ байланысындай.

г. Егер айна жылтыратылып тегістелсе, онда _____ пайда болады.

ғ. Егер айна сынса немесе оны шаң басса, _____.

2. Біз осы уақытқа шейін оқыған нәрселердің негізінде келесінің шын екенін анықтаңыз:

_____ Жан физикалық әлемге тиесілі емес.

_____ Жан тәннің ішінде болады.

_____ Тән – жанның иесі.

_____ Жан өлмейді.

_____ Жан эмбрионмен байланысқанда, адамның өмірі басталады.

_____ Адам осы дүниеге келгенде, оның өмірі басталады.

_____ Адамның материалдық тіршілігі өлімнен соң жалғасады.

_____ Өмір бізбен күн сайын болатын нәрселерден тұрады.

3. Жарық пен айнаның бейнесін жан мен тәннің арасындағы қарым-қатынасты суреттеу үшін пайдаланыңыз: _____

БӨЛІМ 4

Екеуі бірге адам болмысын құрайтын жан мен тән арасында өте ерекше бір қарым-қатынас бар. Бұл қарым-қатынас осы ажалды өмір кезінде ғана жалғасады. Олардың арасындағы байланыс тоқтаған кезде, әрқайсысы өзінің бастауына оралады: тән – топырақ әлеміне, жан – өзінің өрлеуін жалғастыратын Құдайдың рухани әлемдеріне. Абдул-Баһа мәлімдейді:

«Адам рухының басы бар, бірақ аяғы жоқ: Ол мәңгілік жасайды».⁵

Өзінің сұхбаттарының бірінде Ол айқындайды:

«Рух тәнді қажет етпейді, бірақ тән рухты қажет етеді немесе ол өмір сүре алмайды. Жан тәнсіз өмір сүре алады, бірақ тән жансыз өледі».⁶

Ал Сақтаушы түсіндіреді:

«Адам жанына қатысты: Баһаи Іліміне сай, адам жаны адам ұрығының қалыптасуымен басталады және тәннен бөлінген соң, тіршіліктің таусылмайтын кезеңдері арқылы өтіп дамуын жалғастырады. Оның өрлеуі, осылайша, шексіз».⁷

Жоғарыдағы дәйексөздерді есте ұстай отырып, келесі сауалдарға жауап беріңіз:

а. Тәнге жан қажет пе? _____

ә. Жанға тән қажет пе? _____

б. Біз өлгенде, тән мен жанның арасындағы байланысқа не болады? _____

в. Өлімнен соң жанға не болады? _____

г. Жанның дамуы қаншалық ұзаққа созылады? _____

ғ. Өмір қашан аяқталады? _____

2. Келесінің біз осы бөлімдерде оқығанмен сай келетінін шешіңіз:

_____ Өлім – бұл жаза.

_____ Тән мен жанның арасындағы байланыс осы ажалды өмірде ғана жалғасады.

_____ Тән мәңгілік өрлеуге қабілетті.

_____ Жан мәңгі дами береді.

_____ Өлім – өмірдің соңы.

_____ Біздің тәніміз көтерілгенде, қиямет күні болады.

_____ Өлім сәтінде жан бұған дейінге қарағанда көбірек бостандыққа ие болады.

_____ Өмір өліммен аяқталады.

_____ Біз өлімнен қорқуға тиіспіз.

_____ Ас, киім-кешек, демалыс пен күшті қалпына келтіру жан үшін қажетті.

_____ Тән оның қуатын тауысқан сайын, жан шаршай бастайды.

_____ Жанға тәннің дерттері не әлсіздігі әсер етпейді.

_____ Адам баласының өлімнен кейін әлі де болса физикалық қажеттіліктері болады.

БӨЛІМ 5

Біз жанның физикалық кеңістікті алмайтынын және материалдық мәндер тәрізді табиғат заңдарына сай әрекет етпейтінін көрдік. Жан бұл әлемде тәннің көмегімен ықпал етеді, бірақ бұл оның өз күшін жүзеге асыратын жалғыз ғана құрал емес. Баһаулла жариялайды:

«Асылында, Мен айтамын, адам жаны барлық жоғарылау мен құлдыраудан биік. Ол тыныштық сақтайды, бірақ қалықтайды; ол қозғалады, бірақ сонда да тыныштық сақтайды».⁸

Ал Абдул-Баһа бізге айтады:

«Адам рухының ықпалы мен қабылдауы екі түрлі екенін білгейсің; яғни, адам рухының әрекет етуі мен түсінуінің екі тәсілі бар. Бір тәсіл тәндік құралдар мен органдардың дәнеркерлігі арқылы. Осылай ол көзбен көреді, құлақпен естиді, тілмен сөйлейді. . .

«Рухтың ықпалы мен әрекетінің басқа тәсілі осы тәндік құралдар мен органдарсыз».⁹

1. Келесі сөйлемдердегі бос орындарды толтырыңыз:

а. Адам жаны барлық _____ мен _____ биік.

ә. Ол _____, бірақ _____.

б. Ол _____, бірақ сонда да _____.

2. Жанның солар арқылы осы әлемде қабылдауы мен ықпалын тигізуінің екі жолын суреттеңіз:

3. Жанның тәндік құралдарсыз ықпалы мен әрекетінің мысалдарын бере аласыз ба?

БӨЛІМ 6

Енді өткен бөлімдердегі талқылаулардың тұрғысынан Баһаулла Жазбаларынан келесі үзіндіні оқыңыз:

«Адам жанының асқақ екенін және оның тән не сана кемшіліктерінің барлығынан да тәуелсіз екенін білгейсің. Науқастың әлсіздік танытуы – оның жаны мен тәнінің арасындағы пайда болатын кедергілердің салдары, себебі жанның өзі қандайда болмасын тәндік дерттің ықпалына түспейді. Шамның жарығына қарашы. Оның сәуле шашуына сыртқы зат кедергі келтірсе де, жарықтың өзі өшпейтін күшпен жарқырай береді. Дәл осылай, адам тәніне әсер ететін дерттің әрқайсысы – жанға өзіне тән құдірет-күшін танытуға кедергі келтіретін тосқауыл. Дегенмен тәнді қалдырғанда, ол сондай ұлылығын көрсетеді және сондай ықпалын ашады – тіпті жердегі ешбір күш оған тең келе алмайды. Әрбір пәк, таза және қасиетті жан орасан зор күшке бөленеді және асқан ризашылықпен шаттанатын болады».¹⁰

1. Қалайша жан тәннің не сананың кемшіліктерінің әсеріне түспейтінін және оның тәннен бөлінуінен соң ненің айқын болатынын өз сөзіңізбен түсіндіріңіз.

2. Біздің физикалық тәніміз өлген соң, біз өзіміздің тұлғамызды сақтаймыз ба? _____

БӨЛІМ 7

Баһаулла бізге айтады:

«Ал енді адам жаны және оның өлімнен кейінгі өмірі жайындағы сенің сұрағыңа байланысты. Жан тәннен бөлінген соң, ғасырлар мен дәуірлер айналымы не бұл дүниенің

өзгерістері мен тағдыр тауқыметі әсер ете алмайтын күй мен жағдайда Құдайға жақындағанша, өз дамуын жалғастыра беретінін анық біл. Құдайдың Патшалығы, Оның әмірлігі, Оның билігі мен күші қаншалықты созылса, жан да соншалықты жасайды. Ол Құдайдың нышандары мен қасиеттерін көрсетіп, Оның мейірімділігі мен жомарттылығын ашатын болады».¹¹

1. Физикалық өлімнен кейін жан қаншалықты ұзақ өрлеуін жалғастырады? _____

2. Жан Құдайға қарай мәңгілік саяхатын қандай күйде жалғастырады?

3. Сол күйде жан көрсететін қасиеттер мен белгілердің кейбірі қандай? _____

4. Біз осы уақытқа шейін оқығанның негізінде келесінің шын ба екенін анықтаңыз:

_____ Құдайдың Патшалығы мәңгі жалғаса береді.

_____ Жан Құдайдың қасиеттерін көрсетуге қабілетті.

_____ Біз қайтқандар үшін айтатын дұғаларымыз олардың жандарының өрлеуіне әсер етпейді.

_____ Жан тіршілігін ешқашан тоқтатпайды.

БӨЛІМ 8

Баһаулла жариялайды:

«Пәк және кіршіксіз күйінде сақталған әрбір естуші құлақ барлық уақытта және барлық бағыттан «Ақиқатында, Біз Құдайға тиесіліміз және Оған ораламыз» - деген киелі сөздерді айтатын дауысқа құлақ түруі тиіс екенін білгейсің. Адамның физикалық өлімінің және оның оралуының құпиялары ашылмаған және әлі де болса оқылмаған. . .

«Өлім әрбір шүбәсіз сенушіге шынымен де өмір болып табылатын тостағанды ұсынады. Ол қуаныш сыйлайды және шаттық әкеледі. Ол мәңгі өмірдің сыйын береді.

«Жалғыз ақиқат Құдайды, Оның даңқы асқақтай берсін, мойындау болып табылатын адам баласының жердегі тіршілігінің жемісін татқандарға қатысты, олардың келешек өмірі сондай – оны Біз суреттей алмаймыз. Бұл жайлы тек барлық әлемдердің Құдайы ғана біледі».¹²

«Уа Жоғарғының Ұлы! Өлімді сен үшін шаттықтың жаршысы еттім. Неліктен одан қайғырасың? Саған нұрын шашсын деп жарықты жараттым. Неге одан жасырынасың?»¹³

БӨЛІМ 9

Абдул-Баһа түсіндіреді:

«Өзінің өмірінің бастауында адам баласы, сонда осы әлемге өту үшін қабілет пен құндылықты дамытқан, жатыр әлемінде болды. Осы әлемге қажетті күштерді ол сол әлемде иеленді. Бұл әлемде оған көз қажет болды; ол оны жатыр әлемінде алды. Осы әлемде оған құлақ қажет болды; ол оны сол жерде алды. Бұл дүниеде оған қажет болған барлық күштерді ол жатыр әлемінде алды. Сол әлемде ол бұл дүниеге дайын болды, және осы әлемге келгенде, ол барлық қажетті күштерді иеленгенін және осы өмірге қажетті барлық органдар мен қол-аяқтарын сол әлемде алғанын көрді. Демек бұл әлемде де ол о дүниелік өмірге дайындалуы тиіс. Патшалық әлемінде оған қажетті болатын нәрселердің барлығын ол осы әлемде иеленіп дайындауы тиіс. Осы әлемге қажетті күштердің барлығын жатыр әлемінде алғандай, сол сияқты ол Патшалық әлемінде қажет ететін нәрселерді, яғни, барлық аспандық күштерді, осы әлемде алуы тиіс». ¹⁴

1. Келесінің шын ба, жоқ па екенін шешіңіз:

_____ Осы дүниеде қажетті барлық күштерді біз жатыр әлемінде алдық.

_____ Келесі әлемдегі өмірге дайындалудың қажеті жоқ.

_____ Патшалық әлемінде бізге қажетті нәрселерді сонда алуымыз тиіс.

_____ Осы өмірдің мақсаты – келесі өмірде қажет болатын күштерді иелену.

_____ Шынайы өмір адам өліп, тәңірлік Патшалыққа аттанғанда басталады.

_____ Шынайы өмір осы дүниеде басталады да, физикалық өлімнен кейін жалғаса береді.

2. Адам баласы жатыр әлемінде алатын кейбір қабілеттері қандай? _____

3. Осында өлімнен кейінгі өмір үшін иелену керек дарындардың кейбірі қандай? _____

БӨЛІМ 10

Баһаулла жариялайды:

«Бұл Күні адамның бүтіндей міндеті – Құдайдың оған құйған рақым ағысынан өз үлесін алу. Сондықтан, сыйымдылықтың үлкендігіне не кішілігіне қарамаңдар. Бірінің үлесі алақанға сиярлықтай болса, келесінікі тостағанды, ал үшіншісінің үлесі тіпті құмыраны толтырар». ¹⁵

1. Жоғарыдағы дәйексөздің тұрғысынан келесі сұрақтарға жауап беріңіз:

а. Осы Күні әр адамның міндеті не? _____

ә. Сіз Құдайдан алған жарылқаулардың кейбірі қандай? _____

б. Жоғарыдағы дәйексөзде «сыйымдылық» сөзі нені білдіреді? _____

в. Неліктен біз бөленген қабілетіміздің үлкендігіне не кішілігіне қарамауымыз керек? _____

г. Бізге Құдай рақымынан өз үлесімізді алуға кедергі келтіретін нәрселердің кейбірі қандай?

2. Келесінің қайсы шын?

_____ Біздің қабілетіміздің «үлкендігі не кішілігі» біздің қаншалықты ақылды екенімізге қатысты.

_____ Құдайға қызмет ету үшін біз өзіміздің әлсіздігімізді ұмытып, толықтай Оған сенім артуға тиіспіз.

_____ Егер бұ дүниеде біз Құдай берген қабілеттерді дамытпасақ, келесі әлемге келгенде, біздің жанымыз әлсіз болады.

БӨЛІМ 11

Баһаулла мәлімдейді:

«Сен менен жанның табиғаты туралы сұрадың. Жан – оның нақтылығын ең оқымысты деген адамдардың өздері ұғына алмаған, құпиясын ешбір сана, қаншалықты зерек болса да, ешқашан да ашуға үміттен де алмаған көктегі асыл тас, Құдайдың белгісі екенін білгейсің. Бұл – барлық жаратылыстардың ішінде Құдайдың кәміл жетілгендігін жариялайтын, Оның даңқын мойындайтын, Оның шындығынан ұстанатын және Оның алдында сүйіспеншілікпен бас иетін біріншісі болды».¹⁶

1. Келесі сөйлемдердегі бос орындарды толтырыңыз:

а. Жан – Құдайдың _____.

ә. Жан – оның _____ ең оқымысты деген адамдардың өздері ұғына алмаған, _____ ешбір сана, қаншалықты зерек болса да, ешқашан да _____ үміттен де алмаған _____.

б. Жан – _____ жариялайтын біріншісі.

в. Жан – Құдайдың даңқын _____ біріншісі.

г. Жан – Құдайдың шындығынан _____ біріншісі.

ғ. Жан – Құдайдың алдында сүйіспеншілікпен _____ біріншісі.

2. Келесілердің қайсы шын?

_____ «Ашу» деген анықтау дегенді білдіреді.

_____ Бүкіл жаратылыстардың ішінен адамның миы ғана Құдайды бірінші болып мойындайды.

_____ «Зерек» деген тапқыр дегенді білдіреді.

_____ Оқыған адам жанның құпиясын түсінеді.

_____ Тек ұлы философтар ғана Құдайдың кәміл жетілгендігін жариялай алады.

_____ Жан туралы ойланып-толғану қажет емес, өйткені біз оны ешқашан түсіне алмаймыз.

БӨЛІМ 12

Баһаулла жариялайды:

«Сендер, өзінің аш қарнын тойдыруға мәжбүр болған ол төмендегі жер бетінің суы мен батпағына зарыға бұрылмайынша, өзінің құдіретті қанаттарының бар күшімен және кәміл жетілген әрі қуанышты сенімімен шексіз аспанда қалықтаған құс тәріздісіңдер, өз тілектерінің тұзағына түсіп қалған ол өзі келген әлемдерге қайтып ұшуға дәрменсіздігін сезеді. Өзінің былғанған қанатын басып тұрған салмақты сілкіп тастауға күші жетпеген, осы уақытқа дейін көкті мекендеуші сол құс қазір өзінің үйін күл-қоқыста іздеуге мәжбүр. Сондықтан да, Уа құлдарым, өздеріңнің қанаттарыңды бағынбаушылық пен құр бос тілектердің батпағымен былғамандар және Менің тәңірлік білімімнің аспанына самғауға сендерге кедергі болмас үшін олардың қызғаныш пен жек көрушіліктің шаңымен кірленуіне жол бермеңдер».¹⁷

1. Төмендегі сөйлемдерді аяқтаңыз:

а. Бұл дәйексөзде Баһаулла айтатын құс – бұл _____.

ә. Бұл құс _____ мекендеушісі.

б. Егер оның қанаттары былғанса, ол өзінің үйін _____ іздеуге мәжбүр.

2. Енді келесі сұрақтарға жауап беріңіз:

а. Қалайша жанның «қанаттары» «былғанады»? _____

ә. «Жер бетінің суы мен батпағы» тәрізді жанның қанатына салмақ түсіретін кейбір жүктер қандай? _____

б. Бізге тәңірлік білім көгінде қалықтауға кедергі келтіретін кейбір нәрселер қандай? _____

в. Жан өзінің көктегі үйін бұ дүниенің топырағына неліктен айырбастайды? _____

3. Келесі пайымдаулардың шын екенін анықтаңыз:

_____ Жер бетіндегі байланыстар біздің рухани өрлеуімізді тежейді.

_____ Біздің бағынбаушылығымыз бен құр бос тілектеріміз бізді тәңірлік білім аспанында ұшудан ұстап қалады.

_____ Қызғаныш пен жек көрушілік – адам баласының табиғи қырлары және жанға ауыртпалық түсірмейді.

_____ Біз бұ дүниелік нәрселерден баз кешу арқылы бізге шексіз аспанда қалықтап жүруге кедергі болатын ауыртпалықтардан арыла аламыз.

_____ Жанның үйі осы әлемде.

БӨЛІМ 13

Баһаулла айтады:

«Әлемді және онда өмір сүріп және қозғалатындардың барлығын жаратқан Ол Өзінің жоғарғы әрі шектеусіз Еркімен адамды Оны білу және сүю қабілетіне – бар жаратылыстың негізінде жатқан басты мақсат пен тудырушы түрткі ретінде есептелуі тиіс қабілетке – және айрықша ерекшелікке бөлеуді қалаған... Барлық және әрбір жаратылыстың ең асыл

нақтылығына Ол Өзінің есімдерінің біреуінің жарығын төгіп, оны Өзінің қасиеттерінің бірінің даңқының қабылдаушысы еткен. Ал адамның болмысына Ол Өзінің барлық қасиеттері мен есімдерінің нұрларын шоғырландырған және оны Өз болмысының айнасы еткен. Күллі жаратылыстың ішінен тек адам ғана осындай зор рақым мен мәңгілік сыйға ерекшеленіп алынған».¹⁸

1. Төмендегі бос орындарды толтырыңыз.

а. Құдай адам баласын _____ қабілетіне және айрықша ерекшелікке бөлеуді қалаған.

ә. _____ ең асыл нақтылығына Құдай _____ жарығын төгіп, оны _____ қабылдаушысы еткен.

б. Адамның болмысына Ол _____ нұрларын шоғырландырған және оны _____ айнасы еткен.

2. Енді келесі сұрақтарға жауап беріңіз:

а. Құдайдың кейбір қасиеттерін атай аласыз ба? _____

ә. Адам жаны шағылыстыра алатын Құдайдың кейбір қасиеттері қандай? _____

б. Бұл қасиеттер қалай көріне алады? _____

в. Қандай ерекше рақым үшін адам баласы ерекшеленіп алынды? _____

3. Келесілердің қайсы шын:

_____ Адамның басқа жаратылыстардан еш айырмашылығы жоқ.

_____ Құдайды білу және сүю қабілеті – күллі жаратылыстың негізінде жатқан басты мақсат пен тудырушы түрткі.

_____ Әрбір жаратылыстың нақтылығы – Құдай қасиеттерінің бірінің қабылдаушысы.

_____ Адам жаны Құдайдың барлық қасиеттерін шағылыстыра алады.

БӨЛІМ 14

Баһаулла бізге айтады:

«Дегенмен Тәңірлік жомарттықтың Күндізгі Шам-Шырағы және көк жетекшілігінің Қайнар көзі адам нақтылығын бөлеген осы күш-қуаттар шырақтың ішінде бұққан жалын мен шамның сәулелері оның ішінде әлеуетті түрде жасырынулы тәрізді оның ішінде мүлгіп жатыр. Күн көзінің жарығы айнаның бетін басатын шаң-тозаңның астында жасырынатындай, мұндай күш-қуаттардың нұры бұ дүниелік тілектермен көлегейленуі мүмкін. Шырақ та, шам да өздігінен еш көмексіз жана алмайды; айна да өздігінен шаң-тозаңнан ешқашанда босай алмайды. От тұтатпайынша, шамның ешқашан жанбайтыны және айнаның бетіндегі шаңды сұртпейінше, ол ешқашан күннің бейнесін көрсетіп немесе оның жарығы мен даңқын шағылыстыра алмайтыны анық та айқын».¹⁹

1. «Мүлгіп жатыр» сөзі нені білдіреді? _____

2. Адам жанында мүлгіп жатқан кейбір күштер қандай? _____

3. Шам қандай әлеуетке ие? _____
4. Айна қандай әлеуетке ие? _____
5. Шамның жарық бере алуы үшін сіз онымен не істеуіңіз керек? _____

6. Жарықты шағылыстыра алуы үшін сіз айнамен не істеуіңіз керек? _____

7. Шам мен айна өздерінің әлеуеттерін өз беттерінше көрсете ала ма? _____
8. Бұл екі мысалды адам жанының күйімен қалай байланыстыра аламыз? _____

9. Адам жанының өз әлеуетін көрсетуіне кім көмектесе алады? _____

БӨЛІМ 15

Баһаулла мәлімдейді:

«Көне Болмыс туралы білім қақпасы адамдардың алдында қашанда жабық болған және мәңгі жабық болып қала бермек. Ешбір адамның түсінігі Оның киелі сарайына ешқашанда

кіруге рұқсат ала алмайды. Дегенмен Өзінің рақымының нышаны және Өзінің махаббатқа толы мейірімділігінің дәлелі ретінде Ол адамдарға Өзінің тәңірлік жетекшілігінің Күндізгі Шам-Шырақтарын, Өзінің тәңірлік бірлігінің Белгілерін көрсеткен және осы қасиетті Болмыстардың білімдерінің Өзінің біліміне тең келуін тағайындаған. Оларды мойындағандар – Құдайды мойындағандар. Олардың үндеуіне құлақ салғандар – Құдайдың Даусына құлақ салғандар және Олардың Ашылымының ақиқатына куә болғандар – Құдайдың Өзінің ақиқатына куә болғандар. Олардан теріс бұрылғандар – Құдайдан теріс бұрылғандар; Оларға сенбегендер – Құдайға сенбегендер. Олардың әрқайсысы – осы әлемді көктегі патшалықтармен байланыстыратын Құдай Жолы және жер мен көк патшалықтарындағы әрбір жан үшін Оның Ақиқатының Жалауы. Олар – адамдар арасындағы Құдайдың Көріністері, Оның Ақиқатының айғақтары және Оның даңқының белгілері».²⁰

1. Жоғарыдағы дәйексөздерді есте ұстай отырып, келесі сұрақтарға жауап беріңіз:

а. Бізге Құдайды тікелей білу мүмкін бе? _____

ә. Онда біз Құдайды қалай біле аламыз? _____

б. Тәңірлік жетекшіліктің Күндізгі Шам-Шырақтарының кейбіреулерін атай аласыз ба?

в. Құдайдың Көріністеріне құлақ түргендер кімнің дауысын естіген? _____

г. Құдайдың Көріністерінің үндеуіне құлақ салмағанда, біз кімнен теріс айналамыз?

2. Келесі сөйлемдерді аяқтаңыз:

а. Көне Болмыс туралы білім қақпасы _____ қашанда _____ болған және мәңгі _____ болып қала бермек.

ә. Ешбір адамның түсінігі _____ ешқашанда кіруге рұқсат ала алмайды.

б. Өзінің _____ нышаны және Өзінің _____ дәлелі ретінде Құдай _____ жіберген.

в. Құдай Көріністерінің білімі _____ тең келеді.

г. Оларды мойындағандар – _____.

ғ. Олардың үндеуіне құлақ салғандар – _____.

д. Олардың әрқайсысы – _____ Құдай Жолы және _____.

3. Келесілердің қайсы шын?

_____ Біз тек өзіміздің күш-жігерлеріміз арқылы ғана рухани өсе аламыз.

_____ Алла бізге сана берген және бұл біздің өрлеуіміз үшін жеткілікті.

_____ Біз Құдай Көріністерін мойындау арқылы рухани өрлейміз және анағұрлым көп күш-жігер танытпаймыз.

_____ Біз Құдай Көріністерін мойындау арқылы және Оның ілімдеріне сай өмір сүру үшін күш салу арқылы рухани өрлей аламыз.

_____ Біз Құдайды тікелей біле аламыз.

_____ Адам баласы дәл Құдай сияқты бола алады.

_____ Құдай адам ұғынуынан әлдеқайда асқақ.

_____ Біз Құдай Көріністерінің сөздерін естіген кезде, біз Құдайдың Даусын естиміз.

БӨЛІМ 16

Баһаулла жариялайды:

«Құдайдың Пайғамбарлары мен Елшілері адамзатты Ақиқаттың тура Жолына бастаудың жалғыз ғана мақсатымен жіберілген. Олардың ашылымдарының негізінде жатқан мақсат – олар өлім сағатында Ең Жоғарғының тағына аса пәктікпен және киелілікпен, әрі толық бас кешумен көтерілуі үшін бүкіл адамзатқа білім беру».²¹

Және басқа бір үзіндіде Ол айтады:

«Адам – ең жоғарғы Бойтұмар. Дегенмен лайықты білімсіз ол табиғатынан бөленген нәрселерден айырылған. Құдай аузынан шыққан сөз арқылы ол жаратылысқа келді; тағы бір сөз арқылы ол өзінің білімінің Қайнар Көзін мойындау үшін бағытталды; ал басқа бір сөз арқылы оның жағдайы және тағдыры қорғалды. Ұлы Болмыс айтады: Адамға баға жетпес асыл тастарға толы кеніш ретінде қара. Оның қазыналарын тек білім ғана алып шыға алады және адамзатқа оны пайдалануға мүмкіндік береді. Егер қандайда бір адам Құдайдың киелі Еркінің аспанынан жіберілген Жазбаларда ашылған сөздер жайында ой толғаса, ол олардың мақсаты – күллі адамзатқа бір жандай қарау екенін бірден мойындайды, сонда «Патшалық Құдайға тиесілі» деген сөздері бар мөр әрбір жүрекке басылып, Тәңірлік жомарттылық, рақым мен қайырымдылық жарығы күллі адамзатты орай алады».²²

1. Қандай мақсатпен Құдайдың Пайғамбарлары мен Елшілері жіберілді? _____

2. Олардың ашылымдарының негізінде жатқан мақсат қандай? _____

3. «Бойтұмар» деген сөз нені білдіреді? _____

4. Лайықты білімнің жоқтығының салдары қандай? _____

5. Лайықты білім нені тудыра алады? _____

6. Біздің біліміміздің Қайнар Көзі кім? _____
7. Біздің тағдырымыз неде? _____

8. Білім ашатын «асыл тастардың» кейбірі қандай? _____

9. Біз Киелі Жазбаларға ой толғағанда, нені бірден мойындаймыз? _____

БӨЛІМ 17

Баһаулла мәлімдейді:

«Оған қоса, сен Менен жанның тәннен бөлінген кездегі күйі жайында сұрадың. Егер жан Құдайдың жолында жүрген болса, ол, сөзсіз, өзінің Сүйіктісінің даңқына қосылатынын және Оған оралатынын, ақиқатында, білгейсін. Құдайдың әділдігімен ант етемін! Ол ешбір тіл суреттей алмайтын, ешбір қалам сипаттай алмайтын күйге жетеді. Құдай Ісіне адал болған және Оның жолында табандылықпен берік тұрған жан, о дүниеге аттанған соң, Құдіреттінің жаратқан әлемдерінің барлығы одан пайда табатын үлкен күшке ие болады».²³

1. Келесі сөйлемдерді аяқтаңыз:

а. Егер жан Құдайдың жолында жүрген болса, ол, сөзсіз, _____
_____.

ә. Ол _____,
_____ күйге жетеді.

б. _____ адал болған және _____ табандылықпен
_____, _____ соң, _____
_____ әлемдерінің барлығы одан _____
_____ ие болады.

БӨЛІМ 18

Баһаулла бізге айтады:

«Тәннен ажыраған сәтте осы дүниелік адамдардың бос қиялынан таза жан жарылқаған. Сондай жан өзінің Жаратушысының Еркіне сай өмір сүреді және қозғалады және ең жоғарғы Жәннатқа енеді. Ең асқақ мекеннің тұрғындары, Жәннат Бикештері, оны айналып жүреді және Құдайдың Пайғамбарлары мен Оның таңдаулылары оған жақын болуға тырысады. Олармен сол жан еркін сөйлеседі және оларға барлық әлемдердің Билеуші Иесі, Құдайдың жолында төзуге мәжбүр болған нәрселерді баяндайды».²⁴

«Ол күнәһарды кешіруі керек және ешқашан оның төмен дәрежесін жек көрмеуі тиіс, өйткені ешкім де өзінің ақыры қандай болатынын білмейді. Қаншалықты жиі өлім сағатында күнәһар сенім мәніне жеткен және мәңгілік сусынын толығымен ішіп алып, көктегі Жиынға қарай самғаған десеңші! Және қаншалықты жиі жанының жоғары көтерілуі сағатында бар жанымен берілген сенушінің өзгеретіні соншалық – тіпті ең төменгі отқа түсіп кететіндей болған!»²⁵

1. Жан тәннен бөлінген кезде, оның күйі қандай болуы тиісті? _____

2. Бос қиялдардың кейбірі қандай? _____

3. Бос қиялдардан тазарған жан өлімнен соң қандай күйде өмір сүріп қозғалады? _____

4. Мұндай жандардың серіктері кімдер болады? _____

5. Мұндай жандар Құдай Пайғамбарларымен және Оның таңдаулыларымен тілдесе ала ма?

6. Біз өзіміздің жер бетіндегі өміріміздің қашан әрі қалай аяқталатынын алдын-ала білеміз бе?

7. Бізге тағайындалған мәңгі өмірге жету үшін біз қазірден бастап не істей аламыз? _____

БӨЛІМ 19

Абдул-Баһа түсіндіреді:

«Адам рухы осы қарапайым денені тастаған соң, мәңгі өмір сүретіндіктен, бұл барлық ағымдағы нәрселер тәрізді, еш күмәнсіз, өрлеуге қабілетті, және осылайша, адам қайтқан жан үшін алға өрлеуге, кешірілуге немесе тәңірлік сыйларды, шапағат-жомарттылықтарды және рақымды қабылдауына мінәжат ете алады. Сол себептен Баһаулланың дұғаларында Құдайдың кешірімі мен рақымшылығын келесі әлемге жоғарылағандар үшін өтініп жалбарынады. Бұған қоса адамдар Құдайды осы әлемде қажет ететін сияқты, келесі әлемде де олар Оны қажет етеді. Жаратылыстар үнемі қажетсінеді, ал Құдай, осы дүниеде болсын, келер дүниеде болсын, олардан қашанда толықтай тәуелсіз».²⁶

Неліктен біз қайтқандардың жандары үшін дұға айтуымыз керек?

БӨЛІМ 20

Абдул-Баһа жазады:

«Адам жаны топырақтың осы өткінші үйіндісінен ұшып шыққан кезде және Құдай әлеміне көтерілген кезде, бүркеулер түседі және шындықтар жарыққа шығады және бұған дейін беймәлім болған бар нәрселер айқындалады және жасырын ақиқаттар түсініледі.

«Қалайша, жатыр әлеміндегі болмыс құлағының керен, көзінің соқыр және тілінің мылқау болғанына, қалайша оның барлық сезім-түйсіктерден мүлдем жұрдай болғанына қараңыз. Бірақ сол қараңғы әлемнен осы жарық әлеміне өткен кезде, оның көзі көрді, құлағы естіді, тілі сөйледі. Дәл осылай, ол осы ажалды жерден Құдай Патшалығына аулақ асыққан кезде, ол рухта туады; сонда оның зердесінің жанары ашылады, оның жанының құлағы естиді және олар жайлы бұған дейін бейхабар болған ақиқаттарының күллісі түсінікті әрі анық болады».²⁷

1. Төмендегі бос орындарды толтырыңыз.

а. Адам жаны осы әлемді тастағанда,

- бүркеулер _____,

- және шындықтар _____,

- және бұған дейін беймәлім болған бар нәрселер _____,

- және жасырын ақиқаттар _____.

ә. _____ әлемінде құлағымыз _____, көзіміз _____ және тіліміз _____ болған.

б. Біз осы әлемге туған кезде, біздің көзіміз _____, құлағымыз _____, тіліміз _____.

в. Дәл осылай, Құдай Патшалығына өткен кезде, біз _____.

г. Сонда біздің _____ жанары ашылады, біздің _____ құлағы естиді және олар жайлы бұған дейін бейхабар болған _____ күллісі _____ әрі _____ болады.

2. Келесі пайымдаулардың шын ба екенін шешіңіз:

_____ Біз жатыр әлемінде болғанда, осы әлем жайлы білеміз.

_____ Біздің өлімнен кейінгі жағдайымыз осы өмірде біз үшін жасырынулы шындық.

_____ Тұтастай жаңа көкжиектер біз үшін өлімнен кейін ашылады.

_____ Біз өлген соң, осы әлемге қайта туу үшін ораламыз.

БӨЛІМ 21

Баһаулла мәлімдейді:

«Ал енді тәндерінен бөлінгеннен кейін адам жандары бір-бірі жайында білуін жалғастыра ма деген сауалдарыңа байланысты. Алқызыл Кемеге кіріп, онда орныққан Баһа адамдарының жандары бір-бірімен араласып, тікелей сөйлесетінін және бір жандай өздерінің өмірлері, талпыныстары, мақсаттары әрі ұмтылыстарында соншалық тығыз байланысты болатынын білгейсің. Олар, асылында, жақсы хабардар, қырағы әрі түсінікке ие жандар. Осылайша, Бәрін Білуші, Ең Дана бұйырған.

«Құдай Кемесінің тұрғындары болып табылатын Баһа адамдары, біреуі және барлығы, бір-бірінің жағдайы мен күйін біледі, олар жақындық пен жолдастық байланысымен біріккен. Алайда осындай жағдай олардың сенімдері мен мінез-құлықтарына байланысты болуы тиіс. Бір деңгейдегі әрі бір жағдайдағы жандар бір-бірінің қабілеттері, мінездері, жетістіктері мен адамгершіліктерін жақсы біледі. Төменгі деңгейдегілер, дегенмен, өздерінен жоғарырақ деңгейдегілердің жағдайын лайықты түрде ұғынуға, немесе олардың адамгершілік қасиеттерін бағалауға қабілетсіз. Әрқайсысы өз үлестерін өздерінің Билеуші Иелерінен алулары қажет. Жаны барлығының Тәуелсіз Билеушісі, Ең Күшті, үнемі Кешіруші, Ең Қайырымды, Құдайға самғағанша, өзінің жүзін Оған бұрған, Оның махаббатында берік жүрген адам жарылқаған».²⁸

1. Келесі әлемде біз осы әлемде білген адамдарды танитын боламыз ба? _____

2. Келесі әлемде жандардың арасындағы байланыс қаншалықты жақын болады? _____

3. Келесі әлемде жандардың арасындағы өзгешеліктер мен айырмашылықтар неге тәуелді болады? _____

4. Кімде-кім Құдай рақымынан айырыла ма? _____

БӨЛІМ 22

Баһаулла бізді ескертеді:

«Уа құлдарым Менің! Егер осы күндері және осы жердің бетінде Құдай сендерге өз тілектеріңмен ұштаспайтын нәрселерді жіберсе және көрсетсе, қамықпаңдар, өйткені сендерді, еш күмәнсіз, шат-шадыман қуаныш және рухани рақатқа толы күндер күтіп тұр. Қасиетті және рухани даңқты әлемдер сендердің көз алдарыңда ашылатын болады. Құдай сендердің пешенелеріңе осы және келер өмірде солардың пайдасынан алуға, олардың қуанышын бөлісуге және олардың қуаттандырушы рақымынан үлесін алуды жазған. Олардың әрқайсысына және барлығына сендер, күмәнсіз, жетесіндер».²⁹

1. Келесілердің қайсының шын екенін шешіңіз:

_____ Біз нәрселер өзіміз қалайтындай болмаса, қасіретке толы болуымыз керек.

_____ Жақсысы да, жаманы да – барлығы – Құдайдың бұйырғаны.

_____ Шат-шадыман қуаныш күндері біздің бәрімізді күтіп тұр.

_____ Біз, сөзсіз, қасиетті әрі рухани даңқты әлемдерді көретін боламыз.

_____ Біздің пешенемізге осы және келер өмірде қасиетті әрі рухани даңқты әлемдердің пайдасынан алу жазылған.

2. Қандай да бір нәрселер біздің тілектерімізбен ұштаспағанда, неліктен біз қамықпауымыз керек? _____

3. Осы үзіндіде Баһаулла бізге нені уәде етеді? _____

БӨЛІМ 23

Осы тарауда сіздер адам өмірінің мәні жөнінде ой толғадыңыздар. Сіздер жанның табиғаты мен осы дүниедегі өмірдің мақсаты туралы, рухани қасиеттерді дамыту қажеттілігі жайында және даңқты да қуанышқа толы мәңгілік өмір жайлы бізге берілген уәде туралы көп білдіңіздер. Кітаптың екінші тарауында біз екіжақты мақсат – өзіміздің рухани және интеллектуалды өсуімізге ұмтылу және қоғамның түрленуіне үлес қосу – туралы сөйлестік. Осында сол тұжырымдамаға оралып, сіз жанның өрлеуі жайлы алған жаңа түсініктеріңіздің тұрғысынан, осы мақсаттың екі қырына қатысудың маңыздылығына ойлануыңызға мүмкіндік беріледі. Сіздің ой толғауыңыз тобыңызбен төмендегі тақырыптарды талқылауыңыздан пайда табуы мүмкін.

- 1. Рухани қасиеттерді дамыту*
- 2. Құдайдың заңдарына бағыну*
- 3. Адамзат нәсілінің әл-ауқатына үлес қосу*
- 4. Қызмет ету жолында алға жылжу*

СІЛТЕМЕЛЕР

1. *Париждегі Сұхбат: 1911 жылы Абдул-Баһаның сөйлеген сөздері* (Уилметт: Баһаи Баспасы, 2006, 2016 жж. басылым), № 29.12-13, 109 б. жарияланған 1911 жылдың 10 қарашасында берген сұхбаттан.
2. *Жетекшілік Жарығы: Баһаи Анықтама Файлы* (Нью Дели: Баһаи Баспасы, 1988, 2010 жж. басылым), № 1820, 537 бетінде жарияланған Шоги Өффендінің атынан 1946 жылдың 1 сәуірінде жазылған хаттан.
3. Бүкіләлемдік Әділет Үйінің атынан 2016 жылдың 28 шілдесінде жазылған хаттан.
4. Абдул-Баһа, *Кейбір Сұрақтарға Жауап* (Уилметт: Баһаи Баспасы, 2014, 2016 жж. басылым), № 66.3, 352-53 бб.
5. Дәл сол жерде, № 38.5, 220 б.
6. Абдул-Баһаның *Париждегі Сұхбат: 1911*, № 28.16, 104 б. жарияланған 1911 жылдың 9 қарашасында берген сұхбаттан.
7. *Жетекшілік Жарығы*, № 680, 204 бетінде жарияланған Шоги Өффендінің атынан 1937 жылдың 31 желтоқсанында жазылған хаттан.
8. *Баһаулла Жазбаларынан алынған Сөз Түйірлері* (Уилметт: Баһаи Баспасы, 1983, 2017 жж. басылым), LXXXII, 8 абз., 183 б.
9. Абдул-Баһа, *Кейбір Сұрақтарға Жауап*, № 61.1–2, 334 б.
10. *Баһаулла Жазбаларынан алынған Сөз Түйірлері*, LXXX, 2 абз., 174 б.
11. Дәл сол жерде, LXXXI, 1 абз., 176 б.
12. Дәл сол жерде, CLXV, 1–3 абз., 391–92 бб.
13. Баһаулла, *Тылсым Сөздер* (Уилметт: Баһаи Баспасы, 2003, 2012 ж. басылым), араб тілінен, № 32, 11 б.
14. *Бүкіләлемдік Бейбітшіліктің Жариялануы: 1912 жылы Абдул-Баһаның АҚШ пен Канадаға барғандағы берген сұхбаттары* (Уилметт: Баһаи Баспасы, 2012), 315-16 б. жарияланған 1912 жылдың 6 шілдесінде берген сұхбаттан. (авторландырылған аударма)
15. *Баһаулла Жазбаларынан алынған Сөз Түйірлері*, V, 4 абз., 8 б.
16. Дәл сол жерде, LXXXII, 1 абз., 179–80 бб.
17. Дәл сол жерде, CLIII, 6 абз., 370–71 бб.
18. Дәл сол жерде, XXVII, 2 абз., 72–73 бб.

19. Дәл сол жерде, XXVII, 3 абз., 73 б.
20. Дәл сол жерде, XXI, 1 абз., 54–55 бб.
21. Дәл сол жерде, LXXXI, 1 абз., 177 б.
22. Дәл сол жерде, CXXXII, 1 абз., 293–94 бб.
23. Дәл сол жерде, LXXXII, 7 абз., 182 б.
24. Дәл сол жерде, LXXXI, 1 абз., 176–77 бб.
25. Дәл сол жерде, CXXV, 3 абз., 300–1 бб.
26. Абдул-Баһа, *Кейбір Сұрақтарға Жауап*, № 62.3, 340–41 бб.
27. *Абдул-Баһа Жазбаларынан Таңдаулылар* (Уилметт: Баһаи Баспасы, 2010, 2015 жж. басылым), № 149.3-4, 246-47 бб.
28. *Баһаулла Жазбаларынан алынған Сөз Түйірлері*, LXXXVI, 1–2 абз., 192–93 бб.
29. Дәл сол жерде, CLIII, 9 абз., 373 б.